

А.С. КУЗНЕЦОВ

БЕНЗИНДІ ҚОЗҒАЛТҚЫШТЫҢ ОТЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖӘНЕ ЖҰМЫСЫ

*«Білім беруді дамытудың федералды институты»
Федералдық мемлекеттік мекемесі
кәсіптік
орта білім беру бағдарламаларын іске
асыратын
білім беру мекемелеріне оқу құралы ретінде
ұсынылған.*

*Пікірді тіркеу нөмірі №343, 4 қазан, 2010
жыл*

2-басылым, стереотипті



Мәскеу
«Академия» баспа орталығы
2013

ӘОЖ 621.43(075.9)

КБЖ 39.35ші75

К891

Бұл кітап Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ арасында жасалған шартқа сәйкес ««ТЖКБ жүйесі үшін шетел әдебиетін сатып алуды және аударуды ұйымдастыру жөніндегі қызметтер» мемлекеттік тапсырмасын орындау аясында қазақ тіліне аударылды. Аталған кітаптың орыс тіліндегі нұсқасы Ресей Федерациясының білім беру үдерісіне қойылатын талаптардың ескерілуімен жасалды.

Қазақстан Республикасының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беру ұйымдарының осы жағдайды ескеруі және оқу үдерісінде мазмұнды бөлімді (технология, материалдар және қажетті ақпарат) қолдануы қажет.

Аударманы «Delta Consulting Group» ЖШС жүзеге асырды, заңды мекенжайы: Астана қ., Иманов көш., 19,

«Алма-Ата» БО, 809С, телефоны: 8 (7172) 78 79 29, эл. поштасы: info@dcg.kz

«Үздіксіз кәсіби білім беру» сериясы

Пікір жазған —

Мәскеу автокөлік жасау колледжінің арнайы пәндер оқытушысы

А. А. Мылов

Кузнецов А. С.

К891

Бензинді қозғалтқыштың отындық жүйесінің құрылысы мен жұмысы: оқу құралы / А. С. Кузнецов. — 2- басылым., стер. — М. : «Академия» баспа орталығы, 2013. — 80 б.

ISBN 978-601-333-033-4 (каз.)

ISBN978-5-7695-8973-7 (рус.)

Бензинді автокөлік қозғалтқыштарының отындық аппаратурасының аспаптары сипатталған. Карбюраторлық және инжекторлық коректендіру жүйелерінің құрылысы мен жұмысы қарастырылған. Bosch фирмасының әзірлемесін мысалға алып инжекторлық қозғалтқыштың отындық жүйесінің құрылысы мен жұмысына айтарлықтай назар аударылған.

Оқу құралы 190631.01 «Автомеханик» кәсібі бойынша ПМ.01 «Автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу» кәсіби модулінің 01.02 «Автокөлік құрылысы, техникалық қызмет көрсету және жөндеу». МДК-сын меңгеру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

«Отындық аппаратура бойынша слесарь» мамандығы бойынша жұмысшыларды даярлауға, қайта даярлауға және біліктілігін арттыруға арналған .

ӘОЖ 621.43(075.9)

КБЖ 39.35ші75

ISBN 978-601-333-033-4 (каз.)

ISBN978-5-7695-8973-7 (рус.)

© Кузнецов А. С., 2011

© «Академия» білім беру-баспа орталығы, 2011

© Рәсімделуі. «Академия» баспа орталығы, 2011

Оқырманға

XX ғасырда автомобиль жасаудың қарқындап өсуі индустриялық қоғам өмірін айтарлықтай өзгерістерге алып келді. Заманауи автокөлік күрделі машина болып келеді, ондағы бөлшектер саны мыңдап саналады, алайда барлық автомобильдің «жүрегі» қозғалтқыш болып табылады. Ұсынылып отырған құрал сізге бензинді іштен жанатын қозғалтқыштарының (ІЖҚ) отындық жүйесінің құрылғысымен танысуға көмектеседі.

Оқу құралының арқасында сіз:

- бензинді ІЖҚ карбюраторларының қалай жасалғанын және жұмыс істейтінін;
- инжекторлы ІЖҚ отындық жүйесінің қалай жасалғанын және жұмыс істейтінін;
- бензинді ІЖҚ-ның улылығын төмендету жүйесі қалай жасалғанын және жұмыс істейтінін **білетін боласыз.**

Оқу құралының арқасында сіз:

- карбюраторлық қозғалтқыштың отындық жүйесінің күйіне тексеру жүргізе алатын;

карбюраторлық қозғалтқыштың отындық жүйесінің күйіне тексеріс жүргізе алатын аласыз.

1.1**Карбюраторлық қозғалтқыштың қоректендіру жүйесінің
құрылғысы**


Ұшқынды тұтандарылатын қозғалтқыштың қоректендіру жүйесі жанғыш қоспа дайындау үшін қызмет етеді, онда жану кезінде қозғалтқыштың цилиндрінде жылулық энергия бөлінеді және ол одан кейін механикалық энергияға түрленеді. Жанғыш қоспа белгілі бір қатынаста біріктірілген және бір-бірімен мұқият араластырылған отын мен ауадан тұрады.

Карбюраторлық қозғалтқышты автокөліктің қоректендіру жүйесіне (1.1-сурет) отын бағы **13**, отын сорабы **1**, отын сүзгілері **5** және **19**, отынды отын сорабына беретін құбыр жолы **20**, карбюратор **4**, ауаны тазартатын сүзгі (ауа тазартқыш) **3**, кіргізуші құбыр **6** кіреді. Істен шыққан газдар сөндіргіштің қабылдау құбырлары **21** мен сөндіргіш **18** арқылы шығады. Отын бактан сүзгілер арқылы сораппен карбюраторға беріледі, онда ауа тазартқыш арқылы түсетін ауамен белгілі бір қатынаста араластырылады. Алынған жанғыш қоспа қозғалтқыштың цилиндрлерінде сиретілуінен кіргізуші құбыр бойымен үлкен жылдамдықпен жылжиды, сондай-ақ қосымша жылжып қозғалтқыштың цилиндріне түсіп сол жерде жанады. Газдардың жанғыш қоспасының жануы кезінде түзілген қысымның есебінен қозғалтқыш жұмыс істейді.

1.2**Бензинді қозғалтқыштарға арналған отын
және оның сипаттамалары**

Бензинді қозғалтқыштар үшін бензинді–ауада тез буланатын және жақсы тұтанатын ашық түсті сұйық түрінде болатын жеңіл отынды қолданады. Бензиннің негізгі қасиеті булануы, антидетонациялық тұрақтылығы және жану жылуы болып табылады.

Детонациялық тәзімділік — қозғалтқышты сығудың мүмкін болатын дәрежесін анықтайтын бензиннің маңызды қасиеті. Детонация жану камерасында жалын бағытының аса жоғары таралу жылдамдығы кезінде қоспаның жеке көлемдерінің жарылысымен өтетін (2 000 м/с және одан жоғары; қалыпты жану кезінде бұл жылдамдық 20... 40 м/с құрайды) және детонация аймағында қысымның айтарлықтай артуымен қатар жүретін жанғыш қоспаның жануының ерекше түрі болып табылады.



Сурет. 1.1. ЗИЛ-433360 автокөлігінің отындық жүйесінің құрылысы:

1 – жанармай сорабы; 2 – жанармайды ақтап тазарту сүзгісіне жанармай беру отынқұбыры; 3 – ауаны тазарту сүзгісі; 4 – карбюратор; 5 – жанармайды ақтап тазарту сүзгісі; 6 – кіргізуші құбыр; 7 – карбюратор ауа қалқасының жетектің тартымы; 8 – карбюратор дроссельді жапқыштың қолмен басқару жетектің тартымы; 9 – карбюратор ауа қалқасының басқару тетігі; 10 – карбюратор дроссельді жапқыштың қолмен басқару тетігі; 11 – карбюратор дроссельді жапқыштың басқару басқышы; 12 – шанда жанармай деңгейінің көрсеткіш бергішінің фланеці; 13 – жанармай шаны; 14 – жанармай сорабына жанармай беру түтіктің бұрыштығы; 15 – қабылдау түтігі; 16 – отынды тазалаудың торлы сүзгіші; 17 – жанармай шанының қақпағы; 18 – бәсеңдеткіш; 19 – жанармайдың сүзгі-тұндырғы; 20 – жанармай сорабына жанармай беру құбыр желісі; 21 – бәсеңдеткіштің қабылдау түтіктері; 22 – шығаратын құбыржол

Қоспаның қозғалтқышта детонациялық жануы кезінде қатты металл тарсылдары естіледі, ол жоғары қысымды толқындардың жану камерасының қабырғасына, цилиндрлердің және піспектің түбіне соққысымен және қозғалтқыштардың дірілінің пайда болуымен түсіндіріледі. Сонымен қатар отынның толық жанбауының салдарынан ұшқынды түтін шығару және жану камералары мен цилиндрлердің қабырғаларына күшті жылу берілуінен суыту жүйесінде сұйықтың қайнауы байқалады. Отынның толық жанбауының, күшті жылу берілуінің және механикалық шығын көлемінің артуынан қозғалтқыштың үнемділігі шұғыл төмендейді.

Детонациялық жану кезінде қозғалтқыштың ұзақ жұмыс істеуі тек оның бөлшектерінің жылдам тозуына ғана әкеліп қоймай, бөлшектердің бүгілуіне, сызат түріндегі үлкен ақаулардың пайда болуына немесе олардың бұзылуына алып келуі мүмкін. Детонация әдетте сәйкес келмейтін сортты отынды қолданған жағдайда, сонымен қатар қозғалтқыштың артық жүктелуі мен қызып кетуі кезінде

пайда болады. Жүйелі сипаты жоқ, автокөліктің жұмыс істеуі кезінде қозғалтқышта пайда болған детонация қозғалтқыштың жүктемені азайту арқылы (төменірек беріліске ауысу арқылы) және карбюратордың дроссельді жапқышын жабудымен жойылуы мүмкін. Дұрыс орнатылған тұтануы бар қозғалтқыш жұмыс істеген кездегі жүйелі детонация қолданылатын отынның жоғары антидетонациялық қасиетінің жеткіліксіздігін көрсетеді.

Бензиннің антидетонациялық қасиетін сипаттайтын көрсеткіш октан саны болып табылады.

Бензиннің октан санын сығу дәрежесі өзгермелі болатын бірцилиндрлі қозғалтқыш түрінде болатын арнайы қондырғыда анықтайды. Сыналатын бензиннің антидетонациялық қасиеттерін күшті детонациялық отын (гептан) мен детонацияға төзімді отынды (изооктанды) әр түрлі қатынаста араластырып жасалатын эталондық отынның — эквивалент қоспаның қасиеттерімен салыстырады.

Эквивалентті қоспа мен сыналатын бензиннің антидетонациялық қасиеттері бірдей болғанда бензиннің октан саны эквивалентті қоспадағы изооктанның пайыздық құрамына тең деп алады. Бензиннің октан саны қаншалықты үлкен болса ол сығылған кезде соншалықты аз детонацияланады және осы бензинмен жұмыс істейтін қозғалтқыш соншалықты үлкен сығылу дәрежесіне ие болады. Бензиннің октан санын арттыру және сығылу дәрежесі жоғары қозғалтқыштарда оның детонация мүмкіндігін төмендету үшін бензиннің кейбір сорттарында арнайы заттарды — антидетонаторларды қолданады. Ең күшті антидетонатор бензинге аздаған мөлшерде қосылатын этил сұйықтығы болып келеді. Этил сұйықтығы қосылған бензин этилдендірілген деп аталады. Этилдендірілген бензин улы, сондықтан оған жай бензиннен ерекшеленуі үшін бояғыш зат қосады. Этилдендірілген бензинді қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтап өте мұқият қолдану керек. Соңғы кезде Ресейде этилдендірілген бензин өндірісіне тыйым салынды.

Карбюраторлы қозғалтқыштары бар автомобильдер үшін: **АИ-92, АИ-95, АИ-98** маркалы бензиндерді қолданылады. «А» әрпі «автокөліктік» дегенді білдіреді, «И» әрпі — октан санды анықтау әдісі (исследовательский-зерттеу), цифрлар — бензиннің октан саны.

Қоспа түзілу үдерісінде тозаңдаған күйдегі бензинді белгілі бір қатынаста ауамен араластырады. Жанғыш қоспа екі негізгі талапты қанағаттандыруы тиіс:

- поршеньге, оның жұмыстық жүрісінің басында газдың сәйкес қысымын қамтамасыз ету үшін қоспа қозғалтқыштың цилиндрінде тұтанған кезде өте тез (аз уақыт аралығында) жануы тиіс;
- жылудың көбірек мөлшері бөлінуі және қозғалтқыштың жұмысы үнемдірек болуы үшін жанғыш қоспа құрамына кіретін бензин толық жануы керек.

Жанғыш қоспаның жылдам әрі толық жануы үшін бензин ауамен қатаң белгіленген массалық қатынаста араласуы, өте ұсақ тозандауы және ауамен жақсы араласуы керек — бұл жағдайда бензиннің әрбір ұсақ бөлшегі қажетті мөлшердегі оттегі бөлшектерінің ортасында болады.

Жанғыш қоспа құрамы ондағы отын мен ауаның қатынасына байланысты арнайы көрсеткішпен — ауаның артықтық коэффициентімен сипатталады, қоспадағы ауаның ол 1 кг отынға келетін килограммен алынған нақты мөлшерінің 1 кг отынның толық жануын қамтамасыз ететін теориялық қажетті мөлшеріне қатынасы түрінде болады.

Бензин мен ауа массаларының қатынастарына байланысты қалыпты, азайған, жұтаң, байытылған, бай қоспаларға бөледі.

Қалыпты қоспа деп 1 кг бензинге 15 кг ауадан - бензиннің толық жануы үшін теориялық қажетті ауадан келетін қоспа аталады ($a = 1$). Қалыпты қоспа қолданған кезде қозғалтқыш қуаттылығы мен үнемділігі бойынша орташа көрсеткіштермен тұрақты жұмыс істейді.

Азайған қоспа деп құрамындағы ауа қалыпты мөлшерімен салыстырғанда аз ғана артық болатын қоспа аталады (1кг отын үшін 16,5 кг-ға дейін, $a = 1,1... 1,15$). Азайған қоспамен жұмыс істеген кезде қозғалтқыштың қуаты қоспаның жану жылдамдығының төмендеуінің салдарынан біраз азаяды, дегенмен үнемділігі айтарлықтай артады, себебі, бензин толығырақ жанады.

Жұтаң қоспа деп құрамындағы ауа қалыпты мөлшерімен салыстырғанда айтарлықтай артық болатын қоспа аталады ($a > 1,2$). Ауада тозандаған бензин бөлшектерінің алшақтығына байланысты жұтаң қоспа баяу жанады және қозғалтқыштың цилиндрлеріндегі газ қысымы төмендейді. Қоспаның баяу жануының салдарынан жылудың көп бөлігі цилиндрдің қабырғаларымен және оларды суытатын сұйықпен жұтылады. Бұл қозғалтқыштың қызып кетуіне әкеледі. Қозғалтқыш жұтаң қоспамен тұрақсыз жұмыс істейді, оның қуаты азаяды, отынның меншікті шығыны (отынның бірлік қуатқа келетін шығыны) қатты артады. Жұтаң қоспамен жұмыс істеу әдетте лап етумен — карбюратордағы «түшкірумен» қатар жүреді, себебі қоспаның цилиндрінде баяу жанып жатқан жалын кіргізу клапанын ашқан кезде кіргізуші құбырға шығады және оның бойымен өтіп жатқан жаңа қоспаны жандырады. Карбюратордағы «түшкіру» қауіпті және автокөлікте өрт шығаруы мүмкін.

Егер ауа мөлшері 1 кг бензинге 19 кг ауадан көп келетін болса ($a > 1,3$), онда мұндай жанғыш зат тұтандыру білтесінің жарқылынан мүлдем тұтанбайды.

Байытылған қоспа деп құрамындағы ауа қалыпты мөлшерімен салыстырғанда аз ғана жетіспейтін қоспа аталады — 1 кг отынға 13 кг-ға дейін келеді ($a = 0,85...0,9$). Байытылған қоспаның жану жылдамдығы артады, нәтижесінде қозғалтқыштың цилиндріндегі газ қысымы поршеньнің жұмыстық жүрісінің басында ұлғаяды. Байытылған қоспамен жұмыс істеу кезінде

қозғалтқыш ең үлкен қуатты шығарады, дегенмен отын жеткілікті толық жанбағандықтан шығыны да жоғары болады.

Бай қоспа деп құрамындағы ауа қалыпты мөлшерімен салыстырғанда айтарлықтай жетіспейтін қоспа аталады ($\alpha < 0,85$). Мұндай қоспада оттегінің көп жетіспеушілігінен бензин толық жанбайды, бұдан отын айтарлықтай шығындалғанда қуат төмендейтін болады.

Жанбаған бензиннің негізгі бөлігі шығару құбырына түсіп одан қара түтін түрінде шығады, қалған бөлігі ыс түрінде цилиндрдің қабырғасына қонады. Жанбаған бензиннің жанып бітуі нәтижесінде шығару құбырында тарсыл пайда болады, ол қоспаның қатты байытылуының сыртқы белгісі болып табылады. Аса байытылған қоспа кезінде, ауа құрамы 1 кг бензинге 5 кг-ға жеткен кезде ($\alpha < 0,4$), қоспа мүлдем тұтанбайды.

Әр түрлі құрамды жанғыш қоспалардың қасиеттерін талдай келе келесідей қорытындылар жасауға болады.

Егер қозғалтқыш жұмыстың шарты бойынша толық қуатты арттырмауы керек болса (орташа жүктемелер кезінде) онда ең пайдалысы азайған қоспа болып табылады, себебі мұнда отын шығыны айтарлықтай азаяды. Бұл жағдайда ол толық емес жүктемемен жұмыс істеген кезде қозғалтқыштың қуатының аздап төмендеуінің маңызы болмайды.

Үлкен жүктемелер кезінде байытылған қоспамен жұмыс істеген дұрыс, өйткені мұнда қозғалтқыш ең үлкен қуат береді. Бұл режимде қозғалтқыштың қысқа уақыттық жұмысының салдарынан шығын біраз артқанмен үлкен уақыт кезеңінде отынның жалпы шығынының айтарлықтай артуын болдырмайды.

Қозғалтқыштың үнемділігі мен қуатының төмендеуіне алып келетін және жұтаң және бай қоспалармен жұмыс істеуіне рұқсат етілмейді.

1.3

Карбюратордың құрылысы және жұмысы

Карбюратор деп бензинді белгілі бір қатынаста ауамен араластыру және бензинді ауада мұқият тозаңдату арқылы жүретін құрылғыны айтамыз. Қарапайым карбюратор (1.2-сурет) оське топсамен жалғанған қалтқысы 9 бар қалтқылы камерадан **8** және инелі клапаннан **10**, жиклері және тозаңдатқышы **6** бар мөлшерлегіш құрылғыдан **7**, диффузоры **3** бар араластырғыш камерадан **2** дроссельді жапқыш **5** пен ауа қалқасынан **1** тұрады. карбюратордың араластырғыш камерасы қозғалтқыштың кіргізуші құбырымен **4** жалғанады

Араластырғыш камера 2, отынды ауамен араластыруға арналған, бір ұшы қозғалтқыштың кіргізуші құбырымен ал екінші ұшы карбюраторға тазартылған ауа түсіретін ауатазартқышпен жалғанған қысқа түзу немесе иілген келте құбыр түрінде болады.

Диффузор 3 араластырғыш камераның ортасында ауа ағынының жылдамдығын арттыру және тозаңдатқыштың шетінің маңында сирету жасау үшін қолданылады, ол одан отынды сіңіріп алу және соңғысының жақсы тозаңдауы үшін қажет. Диффузор ішкі жағынан тарылған қысқа келте құбыр түрінде болады және араластырғыш камерада тозаңдатқыш шетінің маңына орнатылады.

Дроссельді жапқыш 5 жанғыш қоспа үшін өту қимасын өзгертеді және сол арқылы оның карбюратордан қозғалтқыш цилиндріне түсетін мөлшерін реттейді. Цилиндрге түсетін қоспаның мөлшеріне сай қозғалтқыштың қуаты мен иінді біліктің айналу жиілігі өзгереді. Дроссельді жапқышты жүргізуші автокөлік кабинасын басқыштың көмегімен басқарады.

Ауа қалқасымен 1 карбюраторға түсетін ауа үшін өту қимасын кішірейтуге болады, сол арқылы араластырғыш камерадағы сиретілуді арттырады және сәйкесінше отын беруді арттырады. Ауа қалқасын әдетте қозғалтқышты іске қосқан кезде қолданады және оны жүргізуші кабинасынан басқарады.

Қарапайым карбюратордың **жұмыс істеу принципі** келесідей болады. Қозғалтқыштың иінді білігі айналған кезде оның цилиндрінде өтетін кіргізу такті кезеңінде карбюратордың араластырғыш камерасы арқылы **2** ауа өтеді. Диффузордың **3** алқымында оның тарылуы салдарынан ауа ағынының жылдамдығы айтарлықтай артады және тозаңдатқыштың **6** шетінің маңында сиретілу болады. Бұдан отын тозаңдатқыштан араластырғыш камерасына ағынмен сорылады, онда ауамен үлкен жылдамдықпен өтетін ұсақ бөлшектерге тозаңданады. Отын ауамен араласады, онда буланады және алынған жанғыш зат кіргізу құбыры **4** арқылы қозғалтқыштың цилиндрлеріне түседі. Қалтқылы камера **8** қалтқының **9** және инелі клапанның **10** көмегімен тозаңдатқышта отынның қалыпты деңгейін ұстап тұрады.

Қозғалтқышқа түсетін жүктемеге байланысты жүргізуші карбюратордың дроссельді жапқышын **5** әр түрлі жағдайда орнатады, және қозғалтқыштың цилиндрлеріне жанғыш қоспаның көп немесе аз мөлшері түседі, ол қозғалтқышқа қажетті қуатты және автокөліктің қозғалыс жылдамдығын қамтамасыз етеді.

Араластырғыш камераның келте құбырының орналасуы мен онда қоспа ағынының бағытына байланысты өрлеме, көлденең немесе құлайтын ағынды карбюраторлар деп бөледі.

Өрлеме ағынды карбюраторларда жанғыш қоспа араластырғыш камерада төменнен жоғарыға қарай қозғалады.

Көлденең ағынды карбюраторларда жанғыш қоспа араластырғыш камерадағы келте құбырда көлденең бағытта қозғалады.

Құлайтын ағынды карбюраторларда жанғыш қоспа араластырғыш камерада жоғарыдан төменге қарай қозғалады. Құлайтын ағынды карбюраторда көлденең келте құбыр түрінде болатын араластырғыш камера пішінінің қарапайымдылығынан және оның тікелей ауатазартқышпен жалғануынан ауа ағынына кедергі аз, отын ауамен оңай төмен түседі, бұл цилиндрдің жанғыш қоспамен толуын жақсартады, нәтижесінде қозғалтқыштың қуаты мен үнемділігі біршама артады. Мұндай карбюраторларды тексеру мен реттеуге ыңғайлы болуы үшін кіргізу келте құбырынан жоғары орнатады. Бұл жағдайда ауатазартқышты орналастыру мен оны карбюратормен жалғау да жеңілдетіледі. Сондықтан құлайтын ағынды карбюраторлар автокөліктерде көбірек таралған.

Қозғалтқыштың негізгі жұмыс режимдері келесідей болады: іске қосу, бос жүріс, орташа жүктемелер, толық жүктеме, орташа жүктемеден толығына жылдам ауысу. Қозғалтқыштың осы режимдерде ең тиімді жұмысын қамтамасыз ету үшін оның цилиндрлеріне әр түрлі құрамды жанғыш қоспалардың әр түрлі мөлшерін беру қажет.

Қозғалтқышты іске қосқанда оның цилиндрлеріне көп мөлшерде оңай буланатын тіпті төменгі температура кезінде отынның жеңіл фракциялары түсуі тиіс. Бұған қоспаны айтарлықтай байытумен карбюратордың араластырғыш камерасына және кіргізетін құбырдың қабырғасына жылу берілуін арттыру арқылы қол жеткізіледі. Карбюраторда арнайы іске қосу құрылғысы болуы керек және ол тозаңдатқыштың шетінің маңында одан отын қозғалтқышты іске қосуға жеткілікті мөлшерде шығатындай сирету жасауы тиіс. Сирету жасау үшін іске қосу кезінде әдетте ауа қалқасын пайдаланады.

Бос жүрісте цилиндрлерге аздаған мөлшерде жанғыш зат беру керек, алайда қозғалтқыштың жұмысы тұрақты болуы үшін ол байытылған болуы керек. Қозғалтқыш карбюратордың жабылған дроссельді жапқышында жұмыс істей алуы үшін оған бос жүріс жүйесі деп аталатын арнайы құрылғыны қосады.

Орташа жүктемелерде ең кішісінен бастап қозғалтқыштың толық жүктемесінің 85 % -ына дейінгі жүктемелер кезінде оның цилиндрлеріне шамамен тұрақты құрамды жанғыш қоспаның әр түрлі, бірақ аздап азайтылған мөлшерін беру керек, бұл қозғалтқыштың үнемді жұмыс істеуі үшін қажет. Орташа жүктемелерде дроссельді жапқыштың әр түрлі ашылуы кезінде жанғыш қоспаның шамамен тұрақты тиімдірек құрамын ұстап тұру үшін, қоспа құрамының компенсациясы үшін карбюраторда арнайы құрылғы болуы тиіс. Оның әрекет ету тәсілі бойынша әр түрлі үлгідегі карбюраторлар ажыратылады.

Қозғалтқыштың толық жүктемесі кезінде оның цилиндрлеріне берілетін қоспа байытылған болуы керек. Бұл қозғалтқыштың ең үлкен қуатын алу үшін қажет болады. Осы талапты орындау үшін карбюраторға экономайзер деп аталатын арнайы құрылғы енгізеді.

Дроссельді жапқышты жылдам ашқан кезде қозғалтқыштың цилиндрлеріне байытылған қоспа беру керек. Сонда иінді біліктің айналу жиілігі артады және қозғалтқыштың қуаты артады, яғни, қозғалтқыш жақсы қабылдағыштыққа ие болады. Қозғалтқыштың қабылдағыштығын арттыру үшін карбюраторға үдеткіш сорап деп аталатын құрылғы енгізеді.






Автокөлік қозғалтқышы қалыпты жұмыс істеуі үшін барлық режимдерде карбюраторда қалтқылы және араластырғыш камералардан және басты отындық жүйеден басқа келесідей қосымша элементтер болады: іске қосу құрылғысы, бос жүріс жүйесі қоспа құрамының компенсациясына арналған құрылғы, экономайзер, үдеткіш сорап, ал жүк автокөліктерінің карбюраторында иінді біліктің айналу жиілігін шектегіш болады.

Карбюраторда **іске қосу құрылғысы** карбюратордағы ауа келте құбырындағы айналмалы білікшеде орнатылған ауа қалқасы 2 (1.3, а сурет) болып табылады. Білікшенің сыртқы ұшында кабинадағы қалқанда орналасқан қалқаны басқару түймесімен иілгіш тартқышпен байланысқан қозғалтқыш иінтірек бекітілген.

Жабық ауа қалқасы кезінде иінді біліктің айналу жиілігі төмен болғанның өзінде араластырғыш камерада үлкен сирету түзіледі. Ол басты жиклердің 5 тозандатқышы 3 арқылы және бос жүріс жүйесінің 8 және 10 арналарынан отынның қатты ағып шығуына алып келеді. Араластырғыш камераға артығымен түсетін отын құбыр қабырғасының бойымен қабыршақ түрінде қозғалады, ауада ұсталып қалады, онда буланып бай қоспа түрінде цилиндрлерге түсіп қозғалтқыштың іске қосылуын қамтамасыз етеді. Ауа қалқасы ұзақ уақыт бойы жабылған кезде отынның шамадан тыс сорылуын болдырмау үшін әдетте оған автоматты клапан 1 қояды. Сиретуді айтарлықтай арттырған кезде камерада клапан 1 араластырғыш камераға түсетін ауа қысымымен ашылады, оның салдарынан ондағы сиретілу төмендейді. Кейбір карбюраторларда ауа қалқасы қозғалтқыштың барлық жұмыс режимдерінде арнайы температуралық реттегіш арқылы автоматты түрде басқарылады, соның арқасында қозғалтқышты оңай іске қосу, жылдам қыздыру және қоспаны қозғалтқыштың жылулық күйіне байланысты байыту үшін ауа қалқасын тиімдірек пайдалану қамтамасыз етіледі.

1.3 сурет. Карбюратордың негізгі элементтерінің сұлбасы:

a — іске қосу құрылғысы және бос жүріс жүйесі; *б* — компенсациялық құрылғы; *в* — механикалық жетекті экономайзер; *г* — пневматикалық жетекті экономайзер *д* — мембраналық жетекті үдеткіш сорап; 1 — ауа қалқанының клапаны; 2 — ауа қалқаны; 3, 20 — тозандатқыштар; 4 — қалтқылы камера; 5 — басты жиклер; 6, 9, 15 — реттегіш бұрандалар; 7 — дроссельді жапқыш; 8, 10, 12 — бос жүріс жүйелерінің арналары; 11 — бос жүріс жүйелерінің отындық жиклері; 13, 18 — ауа жиклерлері; 14 — диффузор; 16 — отын құдығы; 17 — эмульсиялық түтік; 19 — жалғастырғыш түтік; 21 — айдамалау клапаны; 22 — шток; 23, 31 — поршеньдер; 24, 39 — тартқыштар; 25 — кіргізу клапаны; 26 — экономайзер клапаны; 27 — экономайзер жиклері; 28, 38 — иінтіректер; 29 — ішкі диффузор; 30, 32 — ауа арналары; 33, 34 — серіппелер; 35 — үдеткіш сораптың камерасы; 36 — қақпақ; 37 — мембрана



Бос жүріс жүйесі қозғалтқыштың иінді біліктің аз айналу жылдамдығымен жүктемесіз жұмыс істеуіне (бос жүрісте) арналған және оған бос жүріс жүйесінің отындық жиклері **11**, ауа жиклері **13**, арналар **8, 10, 12**, реттеу бұрандалары **6** және **9** кіреді. бос жүріс жүйесінің отындық жиклері **11** қалтқылы камерамен 4 байланысады.

Қозғалтқыштың иінді біліктің аз айналу жылдамдығымен жүктемесіз жұмыс істеуіне қажетті болғандықтан дроссельді жапқышты **7** жапқан кезде карбюратордың диффузорындағы **14** сиретуілуінің төмендейтіні соншалық басты жиклердің **5** тозаңдатқышынан **3** отынның түсуі тоқтайды.

Дроссельді жапқыштан **7** кейін қатты сиретілу жасалады, оның салдарынан отын бос жүріс жүйесінің отындық жиклері **11** арқылы отындық арнаға **12** сорылады. Онда отынның келесі тозаңдатылуын жақсартатын ауа жиклері **13** арқылы ауа түседі. Алынған эмульсия (ауасы бар отынның ірі бөлшектері) арнаның **8** шығыс тесігі арқылы карбюратордың араластырғыш камерасына өтеді. Араластырғыш камерада эмульсия қатты жабылмаған дроссельдің жапқыштың саңылаулары арқылы өтетін ауамен араласады, отын қосымша буланады және жанғыш қоспа қозғалтқыштың цилиндрлеріне түседі. Дроссельді жапқыш ашылғанда бос жүріс жүйесінің арнасының шығыс тесігінде сиретілу төмендейді және жүйе ажырап қалады.

Қозғалтқыштың бос жүріс режимінен жүктемелі жұмыс режиміне ауысуының бірқалыптылығын арттыру үшін әдетте бос жүріс жүйесінің арнасында екі шығыс тесігі болады. **10** арнаның тесігі дроссельді жапқыштың **7** алдында (оны жабатын жағдайда) орналасқан ал арнаның тесігі), ал **8** арнаның тесігі одан кейін орналасқан. Дроссельді жапқыш жабық болғанда эмульсия жапқыштан кейінгі **8** каналдың тесігі арқылы кірістік келте құбырға түседі, ал **10** арнаның тесігі арқылы ауа бос жүріс жүйесінің **12** арнасына беріледі, оның салдарынан ондағы сиретілу төмендейді, түсетін отын мөлшері азаяды және эмульсия дайындау жақсарайды.

Дроссельді жапқышты аз ғана ашқан кезде **10** каналдың тесігі оның шеттерімен жабылады, **12** арнадағы сиретілу жоғарылайды және **8** арнаның тесігі арқылы отынның көп мөлшері түседі. Дроссельді жапқышты бұдан әрі ашқанда екі тесік те жапқыштың артында қалады және эмульсия қозғалтқыштың цилиндрлеріне көп мөлшерде түседі. Осылайша, жапқышты ашу шамасы бойынша бос жүріс жүйесі арқылы берілетін отын мөлшері ақырындап жоғарылайды және бұл жүктемелі жұмыс режиміне бірқалыпты ауысуға ықпал етеді.

Қозғалтқыштың жүктемесіз (бос жүріс) жұмысы кезінде иінді біліктің айналу жиілігін дроссельді жапқышты оның осіндегі иінтіректің реттегіш бұрандасы **6** арқылы ретке келтіреді. Түсетін отын мөлшерін, яғни, жанғыш қоспа сапасын бос жүріс жүйесінің **9** бұрандасымен ретке келтіреді. Реттеуші бұранданы **9** бұрап кіргізу кезінде жанғыш қоспа жұтаңдай бастайды, бұрап шығару кезінде байытыла бастайды. Кейбір карбюраторларда жанғыш қоспа сапасын **15** бұрандамен реттейді, ол ауа арнасының қимасын өзгертеді. Бұранданы **15** бұрап кіргізу кезінде **12** арнадағы сиретілу жоғарылайды және отын көп мөлшерде түседі — қоспа байытылады, бұрап шығару кезінде — сиретілу төмендейді және қоспа кедейленеді.

Қоспа құрамын компенсациялауға арналған құрылғы қозғалтқыштың орташа жүктемелерде үнемді жұмыс істеуі үшін дроссельді жапқыштың ашылуының әр түрлі шамасында шамамен тұрақты құрамды аздап кедейленген қоспа дайындауға арналған. Дроссельді жапқыштың әр түрлі ашылуы кезінде қоспа құрамының тұрақты болуын ұстап тұру, яғни, қоспа құрамын компенсациялау заманауи карбюраторларда отынды пневматикалық тежеумен, диффузордағы сиретілуді реттеумен, бірнеше әдісті құрамдастырумен жүргізіледі.

Заманауи карбюраторлардың көптеген үлгілерінде қоспа құрамын отынды пневматикалық тежеумен компенсациялау сәйкес құрылғыларының қарапайымдылығы мен әрекетінің сенімділігінен жақсы қолданысқа ие болды. Қоспа құрамын берілген әдіспен компенсациялайтын карбюраторларда басты мөлшерлейтін жүйеге арнасы мен тозаңдатқышы 3 бар басты жиклер 5 (1.3, **б сурет**), бүйірлік тесіктері бар эмульсиялық түтікше 17 орнатылған отындық құдық 16, эмульсиялық түтікшенің қуысын қоршаған ортамен байланыстыратын ауа жиклері 18 кіреді.

Басты жиклер 5 арқылы құдықтың қуысы 16 белгілі бір деңгейге дейін толтырылады. Дроссельді жапқышты 7 ашуды үлкейту мен диффузордағы 14 сиретілуді ұлғайтуға қарай басты жиклер 5 арқылы түсетін отын мөлшері диффузор арқылы өтетін ауа мөлшеріне пропорционал емес арта бастайды, бұл жанғыш қоспаның байытылуына алып келеді. Дегенмен бұған жиклерден шығатын отынды ауа жиклері 18 және эмульсиялық түтікшенің 17 бүйірлік тесіктері арқылы құдыққа 16 түсетін ауамен тежеу кедергі жасайды; бұдан жиклер 5 алдындағы сиретілу талап етілетін шекте өзгереді.

Дроссельді жапқыштың 7 ашылуын үлкейту мен диффузорда 14 сиретілудің жоғарылауымен тозаңдатқыштан 3 отынның шығындалуы артады, оның құдықтағы деңгейі төмендейді. Осының салдарынан эмульсиялық түтікте 17 барлық бүйірлік тесіктер ашылады және ауа жиклері 18 арқылы ауа құдыққа түсіп барлығы ұлғайған мөлшерде жиклерден 5 отынның ағып шығуын тежейді.

Осылайша, басты мөлшерлегіш жүйенің құдығына 16 түсетін ауа жиклердің алдындағы сиретілуді реттейді. Және дроссельді жапқыштың әр түрлі ашылуы кезінде жиклер арқылы әрқашан қажетті экономикалық құрамды жанғыш қоспа алу үшін қажетті отын мөлшері өтеді. Осындай қоспаны компенсациялау тәсілінде құдықта эмульсиялық түтікше көмегімен отынды ауамен алдын ала эмульсиялау қамтамасыз етіледі, бұл карбюратордағы қоспатүзілу үдерісін жақсартыды.

Кейбір типті карбюраторларда берілген компенсациялау тәсілінде жанғыш қоспа құрамын қосымша түзету басты мөлшерлегіш жүйемен қоректендірілетін және дроссельді жапқыштың орташа ашылуы кезінде жұмыс істейтін бос жүріс жүйесімен жүзеге асырылады.

Экономайзер деп қозғалтқыштың толық жүктемесі кезінде автоматты түрде байытылатын құрылғыны атайды. Экономайзер жиклерден 27 (1.3, **в сурет**) және автоматты басқарылатын клапаннан 26 тұрады. Әдетте басты жиклердің тозаңдатқышымен 3 жалғанған жиклер 27, отынның қосымша мөлшерін

мөлшерлейді. Клапан **26** қалтқылы камерада экономайзердің жиклеріне отын өтетін тесікті жабады.

Экономайзердің клапанында механикалық және пневматикалық жетек болуы мүмкін.

Экономайзердің *механикалық жетегі кезінде* (1.3, в сур. қар.) клапан **26** штоқтың **22**, тартқыштың **24** және дроссельді жапқыштың **7** осіне бекітілген иінтіректің **28** көмегімен ашылады. Жапқыш **80... 85%**-ға ашылған кезде шток **22** клапанды **26** басады. Ол ашылады және экономайзердің жиклері **27** арқылы тозаңдатқышқа **3** қоспаны байытатын отынның қосымша мөлшерін жібереді.

Экономайзердің *пневматикалық жетегі кезінде* (1.3, г сур) карбюраторда клапанның **26** үстінде оқшауланған цилиндрлік камерада поршеньі **23** бар шток **22** орналасқан. Шток төмен қарай серіппемен **33** сығылады. Поршеньнің камерасы жоғарғы арнасы **32** арқылы дроссельді жапқыштан **7** кейінгі кіргізу келте құбырымен, ал төменгі арнасымен **30** ауа келте құбырымен немесе атмосферамен байланысады. Дроссельді жапқыш орташа ашылған кезде одан кейін сиретілу ауа келте құбырындағыға қарағанда үлкен болады. Осы сиретілу поршеньнің камерасына арна **32** бойымен беріледі, оның салдарынан пневматикалық жетектің поршеньіне **31** атмосфералық қысым көмегімен серіппенің кедергісінен өтіп көтеріледі. Клапан **26** жабылады, экономайзер өшеді.

Дроссельді жапқыш толыққа жақын ашылған кезде карбюратордың ауа және кіргізу келте құбырларындағы қысым бірдей дерлік бола бастайды және шток **22** серіппенің **33** әсерімен төмен түседі, клапанның **26** стерженін басып оны ашады. Бұдан қалтқылы камерада тозаңдатқышқа **20** ашық клапан мен жиклер **27** арқылы отынның қоспаны байытатын қосымша мөлшері түседі.

Пневматикалық жетекті экономайзердің артықшылығы — оның әрекетінің тек дроссельді жапқыштың (жүктемелі режимінің) жағдайына ғана емес иінді біліктің айналу жиілігіне жылдамдықтық режимге) де тәуелді болуы. Пневматикалық жетекті экономайзерді қосу иінді біліктің айналу жиілігіне тәуелді дроссельді жапқыштың әр түрлі жағдайында өтеді. Айналу жиілігі қаншалықты аз болса, дроссельді жапқышты соншалықты аз жабу кезінде экономайзер қосылады. Бұл экономайзерді автокөлік екпіні кезінде қолдануға мүмкіндік береді. Бұдан қозғалтқыштың қолайлылығы жақсарады бірқалыпты қозғалыс кезінде жоғары үнемділігі сақталады.

Мәжбүрлеп ашатын клапанмен жабдықталған экономайзерден бөлек кейбір карбюраторларда эконоустат қолданылады, ол қалтқылы камерада араластырғыш камераға арнайы арнамен және дроссельдің жапқышының толық ашылуы кезінде тозаңдатқыштың шетінде сиретілудің айтарлықтай артуы кезінде ғана арнайы тозаңдатқыш арқылы қосымша отын мөлшерін беріп ыстық қоспаны байытады.

Үдеткіш сорап дроссельді жапқыш бірден ашылған кезде араластырғыш камераға отынның қосымша үлестерін мәжбүрлеп бүрку арқылы қозғалтқыштың қолайлылығын арттыру үшін жұмыс істейді. Механикалық, пневматикалық немесе мембраналы жетекті болуы мүмкін үдеткіш сорапты жеке орнатады немесе экономайзермен қатар қолданады.

Үдеткіш сораптың *механикалық жетегі кезінде* поршеньнің штогы **23** (1.3, в сур. қар.) тартқышпен **24** және иінтірекпен **28** дроссельді жапқыштың **7** білігімен

жалғанған. Жапқыш жылдам ашылған кезде оның білігі поршеньмен штокты **23** төмен түсіріп айналады. Отынның қысымының әсерінен шарикті кіргізу клапаны **25** жабылады, ал айдау клапаны **21** ашылады, және отынның қосымша үлесі арнамен тозаңдатқыш **20** арқылы араластырғыш камераға бүркіледі, соның салдарынан қоспа байытылады және қозғалтқыштың қолайлылығы жақсарады. Дроссельді жапқыш жабылған кезде **23** жоғары көтеріледі және отындық құдық кіргізу клапаны **25** арқылы тағы да толады. Бұдан айдау клапаны **21** жабылады, нәтижесінде араластырғыш камерада отындық құдыққа ауаның сорылуын жояды. Отынға қысым түсіретін поршень дроссельді жапқыштың жылдам ашылуына кедергі көрсетпеуі үшін **28** поршеньге **23** күш сол кезде сығылатын серіппе арқылы беріледі. Серіппе жазылып құдықтан отынның шығындалуына қарай плунжерді төмен қарай бірсарынмен түсіреді. Бұл сонымен қатар отынның созылыңқырап бүркілуіне ықпал етеді.

Үдеткіш сораптың *пневматикалық жетегі кезінде* (1.3, *г сур.*) дроссельді жапқыштың 7 орташа ашылуы кезінде одан кейінгі арна **32** бойымен камераға берілетін сиретілу салдарынан поршеньі бар **23** плунжер **31** серіппені **33** сығып жоғарғы күйде ұсталып тұрады. Дроссельді жапқыштың 7 бәрден ашылуы кезінде одан кейінгі және камерадағы сиретілу жылдам төмендейді және поршеньі бар **23** плунжер **31** серіппенің **33** әсерімен төмен түседі. Сонымен бірге кіргізу клапаны **25** отынның қысымымен жабылады, ал айдау клапаны ашылады және отын тозаңдатқыш **20** арқылы бүркіледі, оның нәтижесінде ыстық қоспа байытылады және қозғалтқыштың жақсы қолайлылығына қол жеткізіледі.

Үдеткіш сораптың *мембраналы жетегі кезінде* (1.3, *д сур.*) карбюраторда қақпақпен **36** жабылған камера **35** болады, оның астында серіппелі **34** және дроссельді жапқыштың 7 тартқышымен **39** жалғанған сыртқы жетекті иінтірегі **38** бар иілгіш мембрана **37** бекітілген. Камера **35** кіргізу клапаны **25** арқылы қалтқылы камерамен және жиклермен арнамен және үдеткіш сораптың тозаңдатқышымен **20** байланысады. Дроссельді жапқыш 7 бірден ашылған кезде мембрана **37**, камерада **35** жылжып араластырғыш камераға жиклер мен тозаңдатқыш **20** арқылы қысыммен отын береді. Бұдан кіргізу клапаны **25** жабылады, ал айдау клапаны **21** ашылады. Дроссельді жапқыштың иінтірегінің кері жүрісі кезінде мембрана **37** серіппенің **34** әсерімен иіледі және қалтқылы камера **4** кіргізу клапаны **25** арқылы отынға толтырылады.

Заманауи карбюраторлардағы *кәпдиффузорлық жүйе* қоспа түзілуін жақсартуға арналған. Отын тозаңдатқыштан **3** (1.3, *е сур.кар.*) ішкі диффузорға **29** түседі және ол арқылы өтетін ауамен тозаңданады. Алынған қоспа екінші диффузор **14** арқылы өтіп, онда ауамен қайтадан тозаңданады. Сондай-ақ, үштік диффузорлар қолданылады.

Карбюратордың тұрақты реттелуін сақтау үшін қалтқылы камера тікелей қоршаған ортамен байланыспайды, әдетте тек ауа келтеқұбырымен жалғанады. Бұл жағдайда қалтқылы камера қақпақпен герметикалық жабылған және түтікшенің **19** көмегімен араластырғыш камераның ауа келте құбырымен байланысады. Осындай жалғану кезінде қалтқылы камераға ауатазартқышта тазартылған ауа түседі, соның салдарынан камераның ластануы төмендейді. Сонымен қатар бұл жағдайда карбюраторды реттеу мен оның жұмысы карбюраторға жалғанған ауатазартқыш пен оның күйіне аз тәуелді болады, себебі,

ауатазартқыштың күйінің өзгеруі кезінде араластырғыш және қалтқылы камералардағы қысым бірдей шамаға өзгереді.

Екікамералы карбюраторларды (екі араластырғыш камерасы бар) цилиндрлер саны көп қатардағы қозғалтқыштарға және V-тәрізді қозғалтқыштарға әрбір цилиндрге жанғыш қоспаның түсуіне қолайлырақ шарттарды жасау мақсатымен орнатады. Параллель және тізбекті қосылулары бар екікамералы карбюраторларды қолданады.

Параллель қосылулары бар екі камералы карбюраторларда бір араластырғыш камера өздігінен бір цилиндрлер тобын, ал екіншісі – екіншісін қоректендіреді. Параллель жұмыс істейтін араластырғыш камераларда бірдей құрылғы мен әрекеттер болады, бір ортақ қалтқылы камерамен қоректенеді, олардың дроссельді жапқыштары бірізгіде ашылады.

Дроссельді жапқыштарды **тізбекті ашулары бар** және араластырғыш камералар енгізілген екі камералы карбюраторларда екі камера қозғалтқыштың барлық цилиндрлерін қоректендіреді. Мұндай карбюраторларда бос жүріс пен аз жүктемелер кезінде барлық цилиндрлер бір камерадан – біріншіден қоректенеді; жүктеме артқын кезде жұмысқа тізбекті түрде екінші камера – екіншісі қосылады. Осындай карбюраторды қолдану жағдайында аз және орташа жүктемелер кезінде бірінші камерада ауа ағыны жылдамдығының артуының салдарынан қозғалтқыштың тұрақтырақ және үнемдірек жұмысы мен екі камера жұмыс істеген кезде қозғалтқыштың цилиндрлерінің жақсы толуының нәтижесінде толық жүктеме кезінде жоғары қуат қамтамасыз етіледі.

Карбюраторлардың көптеген үлгілерінде негізгі (бірінші) және қосымша (екінші) араластырғыш камералардың дроссельді жапқыштарын ашудың қажетті тізбектілігі жапқыштардың механикалық кулисті жетегінің арнайы конструкциясының көмегімен жүзеге асырылады. Сонымен қатар екінші араластырғыш камераның дроссельді жапқышының вакуумдық мембраналық құрылғы көмегімен автоматты түрде өздігінен жетектелуі де қолданылады.

Жеңіл автокөліктердің кейбір көпцентрлі қозғалтқыштарында екі секциялы төрт камералы карбюраторларды орнатады. Оларда екі араластырғыш камерадан тұратын жұмысқа тізбекті қосылатын әрбір секция өзінің цилиндрлер тобын қоректендіреді.

Иінді білігінің айналу жиілігі аса үлкен қозғалтқышпен жұмыс істеген кезде былшектердің тозуы жоғарылайды, сонымен қатар олардың бұзылуы да мүмкін. Сондықтан сенімділікті жоғарылату үшін жүк автокөліктерінің **қозғалтқыштарына иінді біліктің максималды айналу жиілігін шектегіш** қояды, ол пневмоцентрдентепкіш түрінде немесе электронды басқарулы болуы мүмкін. Пневмоцентрдентепкіш түріндегі шектегіш екі бөліктен: центрден тепкіш механизмнен — шектегіштің қосылуы мен ажырауын қамтамасыз ететін датчиктен және дроссельді жапқыштарды айналдыратын атқарушы мембраналық механизмнен тұрады. Практикада карбюраторға орнатылған иінді біліктің максималды айналу жиілігін шектеудің электрондық жүйелері көбірек қолданылады.

Электронды басқару блогы бар заманауи карбюратордың мысалы— ВА3-2108 автокөліктеріне арналған 2108 үлгідегі — ДАА3-2108 автокөлігі үшін Solex фирмасының лицензиясымен шығарылатын Дмитровград зауытының карбюраторы. Конструкциясы бойынша ұқсас карбюраторларды ВА3-2109, -2104, -2105, -2121 автокөліктеріне орнатады.






ДАА3-2108 карбюраторы (1.4 сур) — эмульсиялық типті, жанғыш қоспаның түсетін ағынымен және дроссельді жапқыштың тізбекті ауытқуы болатын екі камералы. Базалық атқару карбюраторында келесідей жүйелер мен құрылғылар болады:

- қалтқылы механизм;
- бос жүріс жүйесі, екінші камераның өтпелі жүйесі, бірінші және екінші камералардың басты мөлшерлегіш жүйелері, эконоустат, пневматикалық басқарылатын экономайзер және үдеткіш сорап кіретін бірінші және екінші камералардың отын мөлшерлегіш жүйесі;
- іске қосу құрылғысы;
- мәжбүрлі бос жүріс режимінде отынберілуін өшіру клапаны (МБЖЭ жүйесі);
- картерді мәжбүрлеп желдету жүйесі;
- дроссельді жапқыштарды басқару механизмі.

Қалтқылы механизм қалтқылы камерада карбюратордың қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті отынның тұрақты деңгейін ұстап тұру үшін жұмыс істейді. Отын деңгейі жапқыш инемен **15** жабылатын клапанның тесігінің өту қимасының өзгеруі есебінен автоматты түрде бекітіледі.

Камерада отын аз болған кезде қалтқылар **10** төмен түседі және тілше **8** жапқыш клапанның қимасын ашып отынның көп бөлігінің түсуін қамтамасыз етіп инені **15** босатады. Камераның толуына қарай қалтқылар **10** жоғары көтеріледі, тілше **8** инені **15** ершіктің бағытына қарай жылжытады және отынның берілуін жабады. Бірмезгілде қалтқылы камераның жапқыш клапаны **11** арқылы отынның шығынының өзгеруімен сорап жақтан отынды беру (жетектің ерекше конструкциясының есебінен) автоматты түрде өзгереді. Бұл карбюратордың шығысында отын қысымының аса жоғарылауын болдырмайды.

Осылайша, қалтқылы камерадағы отын деңгейі қозғалтқыштың әр түрлі жұмыс режимдерінде тұрақты болып қалмайды. Бос жүрісте отынның деңгейі қалтқылы камерада максималды және қозғалтқыштың толық қуаты кезінде бірнеше миллиметрге төмендейді. Онда отынның үлкен шығынын қамтамасыз ету үшін қалтқылы **10** жапқыш ине **15** иненің жапқыш конусының өту қимасын ұлғайтып төмен түсуі керек. Бұл тек отын деңгейі төмендеген кезде ғана мүмкін болады. Бұл реттеу кезінде мөлшерлегіш жүйелер ескерілетіндіктен карбюратор жұмысына ешқандай кері әсерін тигізбейді.



1.4 сурет. ДААЗ-2108 карбюраторының құрылысы:

a — карбюратордың жалпы сұлбасы; *б* — бос жүріс жүйесінің және екінші камераның өтпелі жүйесінің сұлбасы; *в* — қалтқылы камераның және басты мөлшерлегіш жүйенің отындық жиклерлерін орналастырудың сұлбасы; *г* — эконоустаттың, экономайзердің және үдеткіш сораптың сұлбасы; *д* — іске қосу құрылғысы мен екінші камераның жапқышын бұғаттау механизмінің сұлбасы; *1* — карбюратордың қақпағы; *2* — ауа қалқасы; *3* — кірістік ауа арналары; *4* — басты мөлшерлегіш жүйенің тозандатқыштары; *5* — отын жеткізу штуцері; *6* — отынды қайтаратын штуцер; *7* — қалтқылы механизмнің ілмекті инесінің корпусы; *8* — қалтқылардың кронштейнінің тілшесі; *9* — қалтқылардың кронштейні; *10* — қалтқы; *11* — қалтқылы камера; *12* — кіші диффузорлар; *13* — дроссельді жапқыш; *14* — карбюратор корпусы; *15* — ілмекті ине; *16* — ілмекті инені демпфирлеуші шарик; *17* — электромагнитті клапан; *18* — пластмасса ұшы бар электромагниттік клапанның инесі; *19* — бос жүріс жүйесінің отындық жиклері; *20* — бос жүріс жүйесінің отындық жиклері; *21* — бос жүріс жүйесінің ауа жиклері; *22* — дренажға қарсы тесік; *23* — өтпелі жүйенің ауа жиклері; *24* — екінші камераның өтпелі жүйесінің отындық жиклері; *25* — екінші камераның өтпелі тесігі; *26* — бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінің эмульсиялық құдықтары; *27, 34, 42, 50* — басты мөлшерлегіш жүйенің отындық жиклерлері; *28* — эмульсиялаушы ауаны бос жүріс жүйесіне алу тесігі; *29* — саңылаулық өтпелі тесік; *30* — бос жүрістегі қоспа құрамын реттеу бұрандасы; *31* — эмульсиялық канал; *32, 33* — эмульсиялық құбырлардың ауа жиклерлері; *35, 41* — отын алу тесігі; *36, 40* — өшіргіштер; *37, 39* — қалтқылы камераның секциялары; *38* — қалтқылы камераның секцияларының арасындағы жалғастырушы арна; *43* — үдеткіш сораптың тозандатқыштары; *44* — тозандатқыш түтігі; *45* — эконоустаттың тозандатқышы; *46* — экономайзердің отындық жиклері; *47* — экономайзердің мембранасы; *48* — экономайзердің клапаны; *49* — эконоустаттың отындық жиклері; *51* — демпфирлеуші жиклер; *52* — бірінші камераның дроссельді жапқыш осіндегі жұдырықша; *53* — үдеткіш сораптың соратын клапаны; *54* — сору жүрісінің серіппесі; *55* — үдеткіш сорап жетегінің иінітірегі; *56* — үдеткіш сорап мембранасының бастиегі; *57* — демпфирлеуші серіппе; *58* — үдеткіш сорап мембранасы; *59* — үдеткіш сораптың айдау клапаны; *60, 61* — жұдырықшаның (паздың) кескінделген ойығының сәйкесінше төменгі және жоғарғы жиектері; *62* — қайтармалы серіппе; *63* — штифт; *64* — ауа қалқасының осінің иінітірегі; *65* — жұдырықша; *66* — іске қосу құрылғысын басқару тросы; *67* — бірінші камераның шамасын реттеу бұрандасы; *68* — бірінші камераның дроссельді жапқыш осіндегі иінітірек; *69* — аралық иінітірек; *70* — бірінші камераның дроссельді жапқыш осіндегі иінітіректің шығыңқы жері; *71* — бұғаттаушы иінітіректің қылқаны; *72* — бұғаттау иінітірегі; *73* — дроссельді жапқыштың тіректік бұрандасы (отын мөлшерін реттейді); *74* — іске қосу құрылғысының мембраналық механизмінің қақпағы; *75* — контргайка; *76* — реттеуші бұранда; *77* — мембраналық механизм; *78* — іске қосу құрылғысының мембраналық механизмінің корпусы; *79* — шток; *80* — пластмасса қалтқылардың *10* кронштейнінің *9* тілшесімен *8* жылжытылатын артқы ілмегінде демпфирлеуші серіппе астындағы шаригі *16* бар тіркегіш (1.4, *a* сурет).

Бос жүріс жүйесі (1.4, *б* сур.) отын-ауалық эмульсияны бірінші камераның дроссельді жапқышына *13* арна *31* арқылы тікелей береді, оның қимасы (сәйкесінше, отын мөлшері де) бос жүрістегі қоспа құрамын реттейтін бұрандамен *30* өзгертіледі. Бос жүріс жүйесінде бірінші камераның жабық дроссельді жапқышының *13* жиегінде орналасқан және жүйенің арналарымен бұранда *30* орналасқан жерге дейін жалғанатын саңылаулық өту тесігі борлады.

Бос жүріс жүйесінде, басты мөлшерлегіш жүйедегі сияқты отындық *19* және ауа *21* жиклерлері болады. Бос жүріс жүйесінің отындық жиклері *19* катушқан орамының тоқсыздандырылуы кезінде жиклердің *20* тесігін жапқыш инемен *18* жабатын электромагниттік клапанның *17* ұстағышында орналасқан.

Бос жүріс жүйесіне отын бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінің эмульсиялық құдығынан *26* яғни, оның отындық жиклерінен *27* кейін алынады, бұл екі жүйенің жұмысын қиылыстыру үшін қажет. Әрі қарай отын шетжағынан электромагнитті клапандағы *17* бос жүріс жүйесінің отындық жиклеріне *20* түседі және одан шығып эмульсияланады, яғни ауамен араласады.

Отынмен араластыру аумағына түсетін ауа тесіктен **28** бірінші камераның үлкен диффузорының төменгі жартысының қабырғасына кіреді. Бос жүріс жүйесінің ауа арнасының қабырғасында ауа жиклерінің **21** алдында карбюратордың алқымына шығатын қосымша (дренажға қарсы) тесік **22** бар, ол отынның қалтқылы камерадан төмен орналасқан ауа алу тесігі **28** арқылы өздігінен түсуін болдырмайды. Отынды ауамен араластырғаннан соң түзілген отын-ауалық эмульсия арна **31** бойымен бос жүріс жүйесінің шығыстық тесіктеріне түседі.

Бос жүріс жүйесінің шығыстық арналарының қыста қатып қалуын болдырмау үшін карбюратордың корпусының **14** төменгі бөлігіне бос жүріс жүйесінің арналары жағынан қозғалтқышты суыту жүйесінен шығатын ыстық сұйықтықтың ағынымен жылытылатын дөңесше бекітіледі.

Бос жүрісте, дроссельді жапқыш **13** жабық және саңылаулық өту тесігі **29** оның жиегінен жоғары болған кезде ол арқылы бос жүріс жүйесінің арнасына **31** қосымша ауа мөлшері сорылады. Қозғалтқыш дроссельді жапқыштың минималды ашылуы кезінде саңылаулық өту тесігі **29** оның жиегінен төмен – жоғары сиретілу аймағында болады. Нәтижесінде сиретілу бос жүріс жүйесінің арналарындағы сиретілу жоғарылайды, отын бос жүріс жүйесінің жиклері **20** арқылы қарқынды сорыла бастайды және саңылаулық өту тесігі **29** арқылы шығады және сол арқылы бос жүрістен орташа жүктеме режиміне бірқалыпты өту қамтамасыз етіледі, онда бірінші камераның диффузорындағы сиретілу басты мөлшерлегіш жүйенің қалыпты жұмыс істеуіне жеткілікті шамаға дейін артады.

Екінші камераның өтпелі жүйесі бос жүріс жүйесіне ұқсас, дегенмен оның отындық жиклері **24** тікелей қалтқылы камерадан қоректенеді. Жүйеде сонымен қатар ауа жиклері **23** және екінші камераның жабық дроссельді жапқышының **13** жиегіндегі өту тесігі **25** болады. Оның арналуы мен жұмысы бос жүріс жүйесінің саңылаулық өту тесігіне **29** ұқсас болады.

Өтпелі жүйеге отын қалтқылы камераның секциясынан **37** карбюратордың қақпағының тесігіне қысылған алынбайтын жиклермен алынады. шетінде үш өшіргіші бар арналар жүйесінде отын жоғарыда қақпақта орналасқан ауа жиклері **23** түсетін ауамен араласып және отын-ауалы эмульсия түзіп қақпақтағы тесікке **1** түседі. Арналар жүйесі бойымен отын-ауалы эмульсия екінші камераның дроссельді жапқышының **13** өту тесігіне түседі.

Бірінші және екінші камераның басты мөлшерлегіш жүйелері конструкциялары бойынша бірдей, карбюратордың камераларының арасындағы тік эмульсиялық құдықтардың **26** түбінде бұрандамен бекітілген басты отындық жиклерлері **34** және **42** болады (1.4, в сур.) Эмульсиялық құдықтардың жоғарғы жағында бұрандамен эмульсиялық түтікті блоктарға біріккен — қабырғалардағы радиальды тесіктер қатары бар қуыс цилиндрлік бөлшектері бар ауа жиклерлері **32** және **33** орнатылған.

Әрбір эмульсиялық құдықтың **26** қабырғасының орта бөлігінде үлкен қиманың бір тесігі болады. Олар арналармен кіші диффузорлардың **12** ішінде орналасқан тозаңдатқыштардың шығыстық тесіктерімен — үлкен диффузорлардың орта бөлігіне қойылған серпімді тіркегіштердің алынатын бөлшектерімен тозаңдатқыштардың **4** шығыстық тесіктерімен жалғанады.

Басты отындық жиклерге **34** және **42** отын жалғастырғыш арнадан қалтқылы камераның **37** және **39** камераларының астымен түседі сыртынан екі жағынан дроссельді жапқыштардың **13** өстерінің шеттерінің арасынан көрінетін екі өшіргішпен **36** және **40** жабылған. Отын қалтқылы камераның секциясынан жалғастырғыш арнаға **38** екі тесік **35 және 41** арқылы түседі, олардың жиектері оларға лас заттардың түсуін азайту үшін түбіне біраз жоғарылатылған. Сиретілудің әсерімен тозандатқыштардың тесіктерінің аймағында отын басты отын жиклерлері **34** және **42** арқылы эмульсиялық құдықпен көтеріледі және эмульсиялық түтікшелердегі радиалды тесіктердің деңгейіне дейін жетеді. Одан соң орталық бөліктерден шығатын, ауа жиклерлері **32** және **33** арқылы өтетін ауа түтікшесінде ұсталып қалады және отындық эмульсия түзіп бұйырлық арналармен тозандатқыштардың **4** тесіктеріне апарылады, онда ауаның негізгі ағынымен араласады.

Эконоостат (1.4, 2 сур.) отындық жиклері **49** және еінші камераның диффузорының үстінде жоғары көтерілген түтікше **44** түріндегі жеке тозандатқышы **45** бар қарапайым мөлшерлегіш жүйе түрінде болады. эконоостатқа отын тікелей қалтқылы камерадан алынады. эконоостаттың тозандатқышының **45** диффузordan тыс, яғни, аз сиретілу аймағында орналасуының салдарынан ол арқылы айтарлықтай отын мөлшері тек карбюратор арқылы ауа көп шығындалған кезде ғана беріледі, бұл қозғалтқыштың иінді біліктің үлкен айналу жиілігімен жұмыс істеуіне және дроссельді жапқыштардың **13** көп ашылуына сәйкес келеді. эконоостаттың арналары тұтасымен карбюратордың қақпағында **1** жасалған. Қалтқылы камераның секциясынан **37** қақпаққа қысылған түтікке отынды алу онда орналасқан алынбайтын жиклермен жүргізіледі.

Экономайзер бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінің **46** отындық жиклеріне қосымша отындық жиклерді параллель жалғайтын, нәтижесінде дайындалатын жанғыш қоспа құрамы қажетті шекте байытылатын пневмомеханикалық құрылғы түрінде болады. Экономайзердің негізгі түйіні — шарикті клапанды **48** басатын итергіші бар сығылатын серіппелі мембрана **47**. Мембрананың үстіндегі қуыс дроссельдің үстіндегі кеңістікпен демпфирлеуші жиклермен **51** бітетін арнамен жалғанған, ол сиретілу пульсациясын тегістеу қызметін атқарады және сүйейтін фланецтің шетінде бірінші камераға шығатын ойықта орналасқан. Бос жүрісте және аз жүктемелер кезінде мембрананың **47** үстінде сиретілу үлкен және итергішті клапаннан бұрып серіппенің күшіне қарсы тұрады. толық жүктеме кезінде сиретілу аз, серіппе мембрананың **47** жылжытады және клапанды ашып отынға экономайзердің жиклері **46** арқылы бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінің эмульсиялық құдығына **26** түсуіне, параллель басты жиклер **50** арқылы отынның ағыуына мүмкіндік береді.

Үдеткіш сорап — карбюратордың көмекші механикалық отынберетін жүйесі, мәжбүрлі, дроссельді жапқыштарды ашу кезеңінде диффузор арқылы ауаның шығындалуына тәуелсіз отынның берілуін қамтамасыз етеді. Автокөліктің бірден екпін алуы кезінде қосымша отын мөлшерін беру қажеттілігі осы сәтте кіргізу жүйесінде қоспатүзілу шартының өзгеруімен байланысты. Оның салдарынан қозғалтқыштың цилиндрлеріне дейін дроссельді жапқышты бірден ашқаннан кейін алғашқы секундтарда карбюратор берген отынның тек бөлігі ғана жетеді, ал қалған бөлігі сол кезде кіргізу жүйесінің қабырғаларына тұнады.

Үдеткіш сорап осы эффектті компенсациялайды және автокөлік разгон алғаннан соң алғашқы кезеңде қажетті жанғыш қоспа құрамымен қамтамасыз етеді.

Әрекет ету принципі бойынша үдеткіш сорап автокөліктік отындық сораптан ерекшеленбейді. Оған бірінші камераның дроссельді жапқышының 13 осінде жұдырықшамен 52 иінтірек 55 арқылы жалғанған серіппе астындағы мембрана **58**, және шарикті соратын клапан **53** кіреді, ол қалтқылы камерада отынды мембрана астындағы қуысқа сору жүрісінде (дроссельді жапқыштың жабылған кезінде) еркін жібереді және айдау жүрісінде (дроссельді жапқыштың ашылуы кезінде) оның кері шығуына кедергі келтіреді. Сонымен қатар, сору жүрісінде сорап қуысына ауаның сорылуына және айдау жүрісінде тозаңдатқыштарға **43** отын жіберетін кедергі жасайтын шариковті айдау клапаны **59** болады.

Сору жүрісі мембрананың 58 серіппесінің 54 серпімділігі есебінен, ал айдау жүрісі— жетектің иінтірегінің 55 мембрананың 58 бастиегінің ұшына күштік әсер етуінің есебінен эа счет силового действия рычага **55** привода на торец голов өтеді. Мембрананың 58 бастиегінде 56 иінтірекепен 55 және тәрелкемен түйісетін өкшеліктердің арасында қатаң демпфирлеуші серіппе **57** бекітілген. Дроссельді жапқыш бірден ашылғанда, салыстырмалы баяу шығарылатын отынмен ұсталып тұратын үдеткіш сораптың мембранасы **58** иінтіректің жүрісімен анықталатын қашықтыққа жылдам жылжи алмайтын кезінде серіппе **57** сығылады және одан соң, сораптың қуысынан отынды шығару ға қарай баяу жазылып, біріншіден, мембрананы отының үлкен қысымынан жарылудан қорғаныспен қамтамасыз етеді, екіншіден, бүрку үдерісін 1...2 с-қа созады, бұл қозғалтқыштың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін қажет.

Үдеткіш сорап беретін отын екі тозаңдатқышқа Подаваемое ускорительным насосом топливо поступает к двум распылителем **43** — карбюратордың екі камерасына шығарылған ұзын түтікшелерде және шарикті айдау клапаны **59** орналасқан ұстағышта бекітілген жиклерлерге түседі. Үдеткіш сораптың соратын клапаны **53** тозаңдатқыштардың **43** ұстағышының астындағы тік арнаның түбіне қысылған. Қалтқылы камерада отын алу дөңбек технологиялық, өз кезегінде сорғыш клапанның 53 алдында тік арнамен жалғанатын үдеткіш сораптың оң жақ төменгі бекіту бұрандасында бітеуіші бар көлденең арнаға өтетін тесік арқылы жүзеге асырылады. Тозаңдатқыштардың ұстағышы карбюратордың корпусындағы **14** орынға бекітіледі, резеңке сакиамен тығыздалып карбюратордың қақпағымен 1 бекітіледі.

2108 үлгілі карбюраторларға ұқсас болатын және тек мөлшерлегіш жүйенің парметрлерімен ғана ерекшеленетін 21073 үлгілі карбюраторларда үдеткіш сорапта отынды тек бірінші камераға беретін жалғыз тозаңдатқыш болады.

Іске қосу құрылғысы (1.4, *д* сур.) суық қозғалтқышты іске қосуға қажетті өте байытылған (әдеттегіден 10-20 есе көбірек байытылған) жанғыш қоспаны дайындауға және мөлшерлеуге арналған. Іске қосу кезінде қоспаның қажетті құрамын байытуға бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінің тозаңдатқышында 4 ауа қалқанының 2 карбюраторының кіргізу алқымын жабу арқылы қол жеткізіледі. Бірмезгілде байытылған жанғыш қоспаның берілген берілуін қамтамасыз етіп дроссельді жапқышы 13 біраз ашылады.

Іске қосқаннан кейін бірден ауа қалқасы 2 автоматты түрде ашылады, осылай қызып кету кезеңінде жанғыш қоспаның шамадан тыс байытылуының алды алынады. қозғалтқыштың қызуына қарай жүргізуші жанғыш қоспаның берілуін және сондай-ақ байытылу дәрежесін дроссельді жапқышты 13 жауып және іске қосу құрылғысының басқару тұтқасын батырып ауа қалқасын 2 ашу арқылы азайта алады іске қосу мен қозғалтқыштың қызуы кезінде қалқалардың қажетті өзара байланысқан жылжуы іске қосу құрылғысын басқарудың кескінделген жұдырықшасымен 65 және дроссельді жапқыштан кейінгі сиретілумен басқарылатын арнайы мембраналық механизммен 77 қамтамасыз етіледі.

Дроссельді жапқыштың жылжуы, біріншіден, жүргізуші тросс 66 арқылы беретін бұру бұрышымен, екіншіден, іске қосу құрылғысын басқарудың 65 жұдырықшасының сыртқы профилінің пішінімен, және үшіншіден, дроссельді жапқыштың 13 осімен байланысқан иінтіректегі 68 реттегіш тірек бұрандасының орналасуымен анықталады. Іске қосу құрылғысы ажыратылған кезде, жұдырықша 65 карбюратордың корпусының цилиндрлік тесігінде орналасқан фиксаторына 80 бекітілген кезде, паздың 61 жоғарғы жиегі штифт 63 пен иінтірекке 64 әсер етіп, оны иінтірек 64 арқылы жабуға тырысқан кері серіппенің 62 қарсы әрекетіне қарамастан ауа қалқасын ашық (тік) қалпына мәжбүрлеп орнатады. Іске қосу құрылғысының тұтқасын созуына және кескінделген иінтіректің бұрышына қарай паздың жоғарғы жиегі **61** штифт 63 бойымен сырғанап оны босатады және ауа қалқаны 2 серіппенің 62 әсерімен жабылады.

Ауа қалқасының 2 осі ласталған және сыналанған кезде серіппенің **62** әсер ету күші оны жабуға жеткіліксіз болады. Бұл жағдайда штифтпен **63** паздың тымменгі жиегін түйістіре бастайды және жапқыштың жабылуы (шынында, толық емес) мәжбүрлі түрде жүреді.

Жұмыс істемейтін қозғалтқышта немесе иінді білікті стартермен айналдырудың басында диафрагмалық механизмнің қуысында сиретілу болмайды, Г-тәріздес штокты **79** мембраналық механизмнің **77** серіппесінің әсерімен корпустан алға жылжытады және серіппенің 62 әсерімен жабылған ауа қалқанының 2 орналасуына әсер етпейді. Жанғыш қоспаның алғашқы тұтануында-ақ иінді біліктің айналу жиілігі артады, дроссельді жапқыштан 13 кейінгі және мембраналық қуыстағы сиретілу жоғарылайды және мембраналық механизммен **77** штокқа берілетін күш серіппенің **62** әсер ету күшінен жоғары болатын мәнге жетеді, соның нәтижесінде ауа қалқасы ашылыққырайды. Іске қосу құрылғысын басқарудың толық созылған тұтқасы кезінде іске қосудан кейінгі ауа қалқасын ашыңқырау шамасы мембраналық механизмнің қақпағында **74** орналасқан қарсысомынды **75** реттеу бұрандасының орналасуымен анықталады.

Мәжбүрлі бос жүріс экономайзері (МБЖЭ) өңделетін газдардың улы заттар шығаруын азайтуға және отын шығынын азайтуға арналған. Автокөлікті қозғалтқышпен тежеу (яғни, қосылған беріліспен және карбюраторды басқарудың жіберілген педалымен инерция бойынша қозғалу кезінде), сонымен қатар мәжбүрлі бос жүріс (МБЖ) деп аталатын режимінде цилиндрлерде жанғыш қоспаның жану жағдай бірден төмендейді, пайдаланылған газдардың құрамында толық жанбаған өнімдер — негізінен көміртегі оксиді СО және көмірсутектер

($C_x H_y$) артады, отын өнімсіз шығындалады. МБЖ режимінде бос жүріс жүйесі арқылы отын берілуін ажырату осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

МБЖ режимінде отын берілуін ажырату 19 электромагниттік клапанның 17 (1.4,б сур.) карбюраторының қақпағында 1 орналасқан бос жүріс жүйесінің отындық жиклерінде 19 жасалады. Электромагниттік клапанның орамасына ток берумен клапанмен, қорек көзімен, тұтандыру катушкасымен, карбюратордағы дроссельді жапқыштың қалпының датчигімен электрлік тізбекке жалғанған электронды басқару блогын, сондай-ақ автокөліктің «массасын» басқарады. Тұтандыру катушкасынан шығатын ток импульстері қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі туралы ақпарат береді, ал толық жабылған жапқыш кезінде «массаға» механикалық тұйықталатын дроссельді жапқыш қалпының датчигі карбюратордың бос жүріс режиміне өтуі туралы белгі береді. Электромагниттік клапанның 17 орамы токсыздандырылатын және бос жүру жүйесі арқылы отынның берілуі тоқтатылатын МБЖ режимі басқару блогы екі факторды: қозғалтқыштың иінді білігінің жоғары айналу жиілігі ($2\,000\text{ мин}^{-1}$ -ден жоғары) мен дроссельді жапқыш жабық болуын бірізгіде тіркеген кезінде болады.

Егер жүргізуші келесі әрекеттерді орындайтын болса МБЖ режимі тоқтайды және отынды беру жаңартылады: педальды баспай дроссельді жапқышты басқару, қозғалыс жылдамдығын азайту, іліністі қосады немесе бейтарап берілісті қосып бос жүріске ауысады (айналу жиілігі бойынша МБЖ режимі ажырайды) немесе дроссельді жапқыштарды басқару педальын басып иінді біліктің жоғары жиілігімен қозғалысты жалғастырады (дроссельді жапқыштың орны бойынша МБЖ режимінің ажыратылуы болады).

Қозғалтқыштың жұмысының тұрақтылығын арттыру, жұлқуды болдырмау үшін отынды беруді ажырату иінді біліктің бір айналу жылдамдығы (шамамен $2\,000\text{ мин}^{-1}$), ал қосу — бақаша ($150\ldots 200\text{ мин}^{-1}$ -ге аз) кезінде жүргізіледі. Электромагнитті клапанды токсыздандыру тұтандыруды өшіру кезінде жасалады, сол арқылы қозғалтқыштың өздігінен тұтанып жұмыс істеуі мүмкіндігін болдырмайды.

Автоматты іске қосу құрылғысы, сондай-ақ қоспа құрамын басқару жүйесі соңғы түрлендірулердің 2108 үлгілі карбюраторларына орнатылады, олар келесідей конструктивті ерекшеліктерге ие болады:

- суық қозғалтқышты іске қосу кезінде ауа және дроссельді жапқыштарды автоматты басқару құрылғысы;
- бос жүріс жүйесінің отындық жиклеріндегі электромагнитті клапанның өзгертілген конструкциясы, сондай-ақ осы жиклердің ұлғайтылған қимасы;
- бірінші камераның басты мөлшерлегіш жүйесінде вакуумдық экономайзердің орнына бос жүріс жүйесінің отындық жиклерінде қолданатынға ұқсас электромагнитті дискретті клапаны бар қосымша жиклер;
- қалтқылы камераның қақпағында отын буларын арнайы сорғышқа (адсорбер) бұратын тежегіштің болуы.

Карбюратордың автоматты іске қосу құрылғысы іске қосу және қыздыру кезінде жүргізушісіз ауа жапқышының («сораптың») қалпын басқару үшін жасайды. Бұл ауа қалқасын басқару кезінде пайдаланылған газдармен улы заттардың шығуының жоғарылауына алып келетін қателіктердің мүмкіндігін болдырмауға мүмкіндік береді. Автоматты іске қосу құрылғысының негізгі түйіні корпусқа енгізілген қозғалтқышты суыту жүйесінен шығатын суытқыш сұйықтықтың ағынымен суытылатын биметалл шиыршықты серіппе болып табылады. Жылу сұйықтан биметалл серіппеге корпус қабырғасы арқылы беріледі. Биметалл серіппенің ішкі ұшы арнайы ұстағышқа қатаң бекітілген, ал сыртқысында іске қосу құрылғысының басқару иінтірегінің қылқанына киілетін фигуралы шылбыр болады.

Суық қозғалтқышта биметалл серіппе сағат тілінің бағытына қарсы шиыршықталады, айналады ал температураның жоғарылауына қарай сағат тілінің бағытымен жазылады. Серіппенің еркін шылбырының бұрылу бұрышының оның температурасын минималдыдан максималдыға дейін өзгерткен кездегі өзгеруі толық айналымның $\frac{3}{4}$ -нен артығын құрайды. Бейметалл серіппенің шылбыры іске қосу құрылғысын басқару иінтірегінің қылқанына әсер етіп ау және дроссельді жапқыштардың қалпын басқарып иінтіректер жүйесін бұрады.

1.5

К-96 карбюратор құрылғысы

К-96 карбюраторы (1.5-сурет) — тік, жанармай қоспасының құламалы ағынымен, теңдестірілген қалтқылы клапаны бар, екі камералы (әр камераның екі диффузоры) болады. К-96 карбюраторының негізгі айырмашылығы басты мөлшерлеу жүйесінің көлбеу арнасына орнатылған екі электромагнитті клапан 50 мен дроссельді жапқыш жағдайының байланысты датчиктері 54 болып табылады, олар қозғалтқыштың иінді білігінің айналуының ең көп жиілігінің шектеуі мен мәжбүрлі бос жүрістің экономайзерімен автоматты басқарудың жүйесіне кіреді. Автомобильге пайдаланылған газдардың үшкомпонентті бейтараптандырғышы мен оларда оттегі шоғырлану датчигін қондырған кезде карбюратор Еуро-3 нормаларының орындалуын қамтамасыз етеді.

Жанармай қоспасының қажетті құрамына отынның пневматикалық тежелу және экономайзер пайдалану нәтижесінде қол жеткізіледі. Карбюратордың әр камерасы үшін басты отындық жиклерден кейін қуат көзі бар бос жүрістің бөлек жүйесі бар. Дроссельді жапқышты шапшаң ашу кезінде жанармай қоспасын байыту үшін карбюраторда тездеткіш сорғы қолданылған. Салқын қозғалтқыштың қосуын жеңілдету үшін карбюраторда автоматты клапаны бар ауа қалқасы болады және ауа және дроссельді жапқыштың кинематикалық байланысы қарастырылған. Қалтқы камера, тездеткіш сорғы, экономайзер мен ауа қалқасы — екі камера үшін ортақ болады. К-96 карбюраторының негізгі техникалық көрсеткіштері мынадай шектегішінің сұлбасы 1.6-суретте келтірілген.

МБЖЭ автоматты басқару жүйесінің және К-96 карбюраторының қозғалтқышының иінді білігінің (МБЖЭ АЕЖ мен МБҚ) айналысының ең көп жиілігінің

Диффузор диаметрі, мм:	
кішісі.....	8,5
үлкені.....	28,0
Диаметр, мм:	
Араластырғыш камера	36
Ауа қылтасы	60
(20 + 1) °С температура кезінде 1000 мм қысым астындағы сумен тексерген кездегі жиклердің өткізу қабілеті, мл/мин:	
Басты отынды	290 ± 4
Экономайзер клапаны	280 ± 4
Бос жүрістің отынды жүйесі.....	68 ± 1,5
Жиклердің диаметрі, мм:	
ауа жүйесінің басты мөлшерлеу жүйесі.....	2,2 ^{+0,06}
бос жүрістің ауалы.....	2 ^{+0,06}
толық қуатты отындық	2,5 ^{+0,06}
Механикалық жетегі бар экономайзердің клапанын ашу мезетінде араластырғыш камераның қабырғасы мен дроссельді жапқыш жиегінің арасындағы қашықтық, мм.....	11 ±0,5


Жүйе басқарудың электрондық блогынан 1, қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің датчигінен, салқындататын сұйықтықтың температурасын көрсеткіш датчигінен 2, карбюратордың дроссельді жапқыш қалып датчигінен 8, екі электромагнитті клапаннан 7 және сымдар бумасынан тұрады.

Басқарудың электрондық блогы автомобиль кабинасына істікшелі ағытпамен төменге қарай орнатылған. Блокқа орнатылған жарықпен сигнал беру және күңгірттеу сырты жүйенің жұмысқа қабілеттілігін көзбен бақылауға мүмкіндік береді. Басқару блогына от алдыру жүйесінен, дроссельді жапқыштардың бұрыштық қалып датчигінен, салқындататын сұйықтықтың температурасының датчигінен электр сигналдар келіп түседі, оларға сәйкес басқару блогы электромагнитті клапандарды қосуға пәрмен береді.

Дроссельді жапқыштың бұрыштық қалып датчигі карбюратордың дроссельді жапқыштарының тірек бұрандасының астына орнатылған электрлі түйіспелі ажыратқышты береді. Датчик түйісулер тұйық болғанда, дроссельді жапқыштардың жабық қалпы кезінде басқару блогына электр сигнал жібереді.

Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің датчигі ретінде тұтандыру жүйесінің үзгіш-таратқышы қолданылады. Басқару блогы қосымша кедергінің сыртқа шығарылған өткізгішімен сыммен жалғанады. Электр импульсі басқару блогына қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігіне еселі жиілікпен келіп түседі. Салқындатқыш сұйықтықтың температурасын көрсетуші датчик ретінде қозғалтқышқа орнатылған штаттық датчик қолданылады. МБЖЭ мен БҚ автоматты басқару жүйесі келесі ретте жұмыс істейді. Мәжбүрлі бос жүрісті

режимде қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі $1\ 300\ \text{мин}^{-1}$ аса болғанда, салқындатқыш сұйықтықтың температурасы $60\ ^\circ\text{C}$ және толық жабыңқы



1.5-сурет. К-96 карбюратор құрылғысы:

1 — ауа қылтасының корпусы; 2 — отын берудің ине ұшты клапаны; 3 — торлы сүзгіш; 4 — сүзгіш тығыны; 5 — қалтқы камерасының теңдестіру арнасы; 6 — бос жүрісті жүйе жиклері; 7,13 — ауа қуысы; 8 — толық қуатты жиклер; 9 — ауа жиклері; 10 — кіші диффузор; 11 — сақиналы жырашық; 12 — бүріккіш; 14 — бұрама; 15 — ауа жапқышы; 16 — ауа арнасы; 17 — итергіш; 18, 34 — серіппелер; 19, 21 — сояуыштар; 20 — тақтайша; 22 — отынды құдық; 23 — қалтқы камерасының корпусы; 24 — қалпақша; 25 — қалпақша серіппесі; 26 — сояуыш төлкесі; 27 — саңылау; 28 — аралық итергіш; 29, 31 — шарикты клапандар; 30 — ершік; 32 — күш; 33 — механикалық жетегі бар экономайзер клапаны; 35,39,44 — отындық арналар; 36 — электромагнитті клапан ершігі; 37 — иінтірек; 38 — төсеу; 40 — айдау шанышпалы клапаны; 41 — бос жүріс реттеу бұрамалары; 42,43 — бос жүріс жүйесінің сәйкесінше тікбұрышты және дөңгелек саңылаулары; 45 — дроссельдік жапқыш; 46 — араластырғыш камера корпусы; 47 — басты жиклер; 48 — қалтқы; 49 — қалтқы серіппесі; 50 — электромагниттік клапан (экономайзер); 51 — дроссельдік жапқыш осі; 52, 53 — дроссельді жапқыштың бұрыштық қалып датчигінің түйісулері; 54 — дроссельдік жапқыш қалпының датчигі


дроссельдік жапқыштар кезінде (дроссельдік жапқыштармен басқару тетігі жұмсартылған) басқару блогына отынның беруін тоқтататын электромагнитті клапандар кіреді. Басқару блогында жарқырап екі қызыл сигнал беруші жанады. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі төмендеген кезде ($1\ 300\ \text{мин}^{-1}$ кем) немесе басқару тетіктерін дроссельдік жапқыштармен басқан кезде басқару блогы электромагнитті клапандарды өшіреді (басқару блогындағы сигнал берушілер өшеді) және қозғалтқыш бос жүрістің әдеттегі режимінде жұмыс жасап бастайды. Басқару блогындағы сигнал бергіштердің нашар жыпылықтауы оның қосылуын көрсетеді, бірақ электромагнитті клапандардың қосылуының көрсеткіші болып табылмайды.

Қозғалтқышпен иінді біліктің айналу жиілігі $3\ 225\ \text{мин}^{-1}$ асқан жағдайда электромагнитті клапандардың бірінің қосылуы болады, бұл кезде басқару блогының сигнал берушілерінің бірі қосылады. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің одан әрі өсуі кезінде ($3\ 300\ \text{мин}^{-1}$ аса) басқа электромагнитті клапан және екінші сигнал беруші қосылады, бұл кезде иінді біліктің айналу жиілігінің шектеуі болады. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің шектеуі электромагнитті клапандарды қосқан кезде отынның беруінің қысқа мерзімді тоқталуынан жанармай қоспасының құрамының жұтатуымен жүзеге асырылады.

Иінді біліктің айналу жиілігі белгілі мәнге дейін төмендеген кезде электромагнитті клапандар автоматты түрде өшеді және жанармай қоспасының құрамы қайтадан көбейеді.

Осылайша, қозғалтқыш жұмысының МБЖ режимінде берілген шектегі жанармай қоспасының құрамы мен қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігінің периодты синхронды өзгерісі болады. Жанармай қоспасының құрамының өзгерісі тек осы режимге ғана сипатты сыртқа шығаратын газқұбырындағы пайдаланылған газдың шығуының жүріп тұрған шуылын туғызатындығын ескеруіміз қажет. Дроссельдік жапқыштармен басқару тетігіне өте қатты басқан кезде және оны осындай жағдайда уақытша ұстаған кезде

мұндай шуыл кенет пайда болып немесе тіпті шапалақ түрінде болуы мүмкін, бұл жанармай қоспасының қысқа мерзімді жұтатуының салдары болуы мүмкін және



1.6-сурет. К-96 карбюраторының иінді білігінің ең көп айналу жиілігін шектегішпен және мәжбүрлі бос жүрістің экономайзермен автоматты басқарылу жүйесінің сұлбасы:

1 — электрондық басқару блогы; 2 — салқындатқыш сұйықтықтың температурасының көрсеткішінің датчигі; 3 — салқындатқыш сұйықтықтың температурасының көрсеткіші; 4 — 7,5 Ах2 сақтандырғыштар блогы; 5 — тұтандыру айырғысы; 6 — тұтандыру шарғысы; 7 — электромагнитті клапандар (экономайзер); 8 — дроссельді жапқыштар қалпының датчигі; 9 — тұтандыру шарғысының қосымша кедергісі; 150—155 — сымдар нөмірлері; 154, 154a — қызғылт сары; 151, 151a, 151b — қара; 152 — сұр; 153, 153a — көгілдір; 150, 150v — қызыл; 155 — жасыл; 1—8 — түйісулер нөмірлері; К, ВК, ВК-Б — клеммалар

ешқандай теріс зардаптарға әкелмейді. Қозғалтқыштың иінді білігінің айналуының ең көп жиілігін шектеу режимінде дроссельді жапқыштардың бұрыштық қалпының датчиктерінің көрсетулері мен салқындатқыш сұйықтықтың температурасының көрсеткішінің еш маңызы жоқ.

МБЖЭ АБЖ мен МБҚ дұрыстығын тексеру үшін келесіні орындау керек:

- МБЖЭ АБЖ режимінде: қозғалтқышты қосып, оны салқындатқыш сұйықтықтың қалыпты температурасына дейін жылыту керек (75... 80 °С); содан соң қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігін 1 500... 1 600 мин⁻¹ дейін көбейтіп және дроссельді жапқыштармен басқару тетігін бірден жіберу керек, бұл кезде басқарудың электрондық блогындағы жарықпен сигнал берудің қосылуы болу керек; қозғалтқыштың иінді білігінің айналу жиілігі 1 300 мин⁻¹-ден төмендегенде сигнал бергіштер өшеді;
- МБҚ режимінде: дроссельді жапқыштармен басқару тетігіне тура бірсарынды басу керек; қозғалтқыштың иінді білігі айналуының ең көп

ретімен қосылуы болу керек, бұған сигнал бергіштердің ретімен қосылуы дәлел болады; содан соң дроссельді жапқыштармен басқару тетігін бірсарынды жіберіп, бұдан кейін қозғалтқыш МБЖ режимінде жұмыс жасап бастайды, ал содан соң әдеттегі бос жүріс режимінде жасайды.

МБЖЭ АБЖ мен МБҚ техникалық қызмет көрсету пайдалану жағдайында дроссельді жапқыштар қалпының датчиктерінің түйісулерін тазалығын сақтауда болады. Маусымдық қызмет көрсету кезінде электромагнитті клапандардың бөлшектерін таза бензинде жуып, тығыздағыш сақинаны (егер талап етілсе) ауыстыру керек. Техникалық қызмет көрсетуді өткізгеннен кейін сымдар шықпасының пломбалауын қалпына келтіру қажет.


Дұрыс ретке келтірілген карбюратор бос жүріс режимінде жарамды қозғалтқыштың тұрақты жұмысын қамтамасыз ету керек.

1.6

Диафрагмалы отын сорғының жұмысы мен құрылғысы

Отын сорғысы карбюратордың отын багынан қалтқы камерасына отынды мәжбүрлі жіберу үшін қызмет етеді. Карбюраторлы қозғалтқыштарда диафрагмалы отын сорғылары қолданылады (1.7-сурет). Отын сорғысы үш негізгі бөліктен тұрады: қақпақ **14**, бастиек **1** пен корпус **6**, олар қысым астында мырыш қорытпасынан құйылған. Корпуста қайтармалы серіппесі бар **12** иін ағаш **11** пен отынды қолмен тартып құюға арналған иінтірек **10** болады. Корпус пен бастиек арасында екі тәрелкемен итергіште **8** жиналған диафрагма **13** орналасқан. Иін ағаш **11** итергішке **8** текстолиттік тіреу тығырықы **9** арқылы әрекет етеді. Диафрагма астында диафрагманың серіппесі **7** орнатылған. Сорғы бастиегінде үш енгізу клапаны **5** және үш шығару клапаны **15** болады. Ереже бойынша, отын сорғының жетегі арнайы эксцентрикпен қозғалтқыштың үлестіруші білігінде немесе арнайы білектен (мысалы, ВАЗ қозғалтқыштарында) жүзеге асырылады.

Диафрагма **13** төменге қозғалған кезде отын құбыр бойымен отын багынан жалғастық саңылауы **2** арқылы түседі және торлы сүзгіш арқылы **3** енгізу клапандарына өтеді. Диафрагма жоғарыға қозғалған кезде отын шығару клапандары **15** арқылы сорғының бастиегінің **1** қуысына айдалады, бұдан жалғастық саңылауы **16** арқылы ақтап тазарту сүзгішіне және содан соң карбюраторға келіп түседі. Сорғының айдау режимі белгілі қаттылықты серіппе **7** көмегімен жүзеге асырылатын болғандықтан, отын қысымы карбюратор алдында сәйкес мәннен аспау керек. Отынды жіберу қозғалтқышпен отынның шығынына байланысты диафрагма **13** жүрісінің автоматты түрде өзгеруі жолымен реттеледі. Егер карбюратордың қалтқы камерасы қалыпты деңгейге дейін толтырылса, ине ұшты клапан кіріс саңылауын жабады, онда сорғы отынды карбюраторға жібермейді. Бұл кезде итергіш **8** пен иін ағаштың ішкі иінтірегі бар диафрагма **13** төменгі жағдайда болады, және иін ағаштың ішкі шеті тіреу тығырықын **9** баспай,



1.7-сурет. Отын сорғы:

1 — сорғы бастиегі; 2 — отын жеткізу үшін жалғастық; 3 — торлы сүзгіш; 4 — резеңкелі аралық қабат; 5 — енгізу клапаны; 6 — сорғы корпусы; 7 — диафрагма серіппесі; 8 — итергіш; 9 — тіреу тығырықы; 10 — отынды қолмен тартып құюға арналған иінтірек; 11 — иін ағаш; 12 — қайтармалы серіппе; 13 — диафрагма; 14 — сорғы қақпағы; 15 — шығару клапаны; 16 — отынды бұру үшін жалғастық

1.7

Отын тазалауға арналған құрылғылар


Отынды карбюраторға түспестен бұрын механикалық қоспалар мен судан мұқият тазалау үшін арнайы сүзгіштерді қолданады (1.8-сурет). Әдетте автомобильдерде отынның қосарлы тазалауын қолданады.

Тікелей отын бағына орнатылған **торлы сүзгішті** отынды бастапқы тазалау үшін қолданады. Пластика сияқты сүзгі-тұндырғыны (1.8, *а-сурет*) жүк автомобильдерінің отын бағының қосымша жақтауына немесе кронштейніне орнатады. Отын сүзгі-тұндырғының сүзгілеу элементі 0,15 мм қалыңдықты

алюминий тілімшелерінің 12 көп санынан тұрады, олардың 0,05 мм дөңестері болады. Сондықтан тілімшелер арасында 0,05 мм енді тесік қалады және саңылауға 13 тек қана таза бензин өтеді, ал 0,05 мм ірі құм мен балшық түйірлері тұрып қалады.

Керамикалық (1.8, б-сурет) немесе қағазды (1.8, **в-сурет**) сүзгілеу элементі бар отынның ақтап тазарту сүзгішін отын сорғысының артындағы қозғалтқыштың енгізу құбырындағы кронштейнінде орнатады.

Пайдаланудың қалыпты жағдайларында 20...25 мың км жолынан кейін болатын сүзгілеу элементі бітеліп қалуы кезінде, қағаз сүзгілеу элементін ауыстыру керек, ал керамикалықты – ацетонмен жуып, сығылған ауамен үрлеп тазарту керек (алдын ала сомынды бұрып және тұндырғы-стаканды алып, ауаны элемент ішінен келтіреді). Сүзгішті бөлшектеу және жуу кезінде әсіресе сүзгілеу элементіне мұқият қарау керек.



1.8-сурет. Карбюраторлы қозғалтқыштың отын сүзгіштері:

а — отындық сүзгі-тұндырғы; б — керамикалық сүзгілеу элементі бар отынды ақтап тазартудың отындық сүзгіші; в — қағаз сүзгілеу элементі бар отынды ақтап тазартудың отын сүзгіші; 1 — отын сорғысына отынқұбыр; 2 — қақпақ бұрамасы; 3 — отын бағынан отынқұбыр; 4 — сүзгілеу элементінің аралық қабаты; 5 — сүзгілеу элементі; 6 — сүзгілеу элементінің тіреуі; 7 — тұндырғы серіппесі; 8 — ағызғыш тығыны; 9 — сүзгіш корпусы; 10 — паронитті аралық қабат; 11 — тығын; 12 — сүзгілеу элементінің тілімшесі; 13 — тілімшелердегі саңылаулар; 14 — тілімшелердегі дөңестер; 15 — тіреулер үшін тілімшелердегі саңылаулар; 16,17 — сәйкесінше отынды жеткізу және бұруға арналған жалғаулықтар; 18 — корпусының аралық қабаты; 19 — пластмассадан жасалған тұндырғы-стакан



Бақылау сұрақтар

1. Бензиннің октандық саны дегеніміз не?
2. Бензиннің детонациялық тұрақтылығы деп нені атаймыз?
3. Бензиннің қандай маркалары болады?
4. Карбюратор құрамына не кіреді?
5. Диафрагмалы отын сорғысы қалай жасалған?
6. Отын тазалауға арналған қандай құрылғылар болады?

Инжекторлы қозғалтқыштар туралы түсініктер

Отындық қоспаны ұшқынмен тұтандыратын қозғалтқыштар инжекторлы деп аталады, мұнда отын ретінде бензин қолданылады, ал қоспа түзілу процесі жіберуші құбыр немесе қозғалтқыш цилиндріне қысым астында отынды бүркейтін бүріккіш немесе бүріккіштер көмегімен өтеді.

Карбюраторлық жүйелермен салыстырғанда отынды бүркеу жүйесінің нақты артықшылықтары мыналар:

- кіргізу құбырында (карбюратордың) ауа ағынына кедергі туғызатын құрылғылардың болмауы және осының салдарынан цилиндрдің толуының коэффициенті тым жоғары, мұнда жоғарылау «литрлік» қуат алуды қамтамасыз етеді;
- біруақытта енгізу және шығару клапандары ашық болғанда, клапандардың үлкен жабуын пайдалану мүмкіндігі, мұнда жану камерасының жанармай қоспасымен емес, таза ауамен үрленіп тазалану процесін жақсартыды;
- қозғалтқыш жұмысының түрлі режимінде оның жұмысы үшін қажетті отынның мөлшерін нақтырақ мөлшерлеу;
- ең жақсы үрлеп тазарту мен жанармай қоспасының біркелкі құрамының арқасында цилиндр қабырғаларының, поршень түбінің және шығару клапандарының температурасының төмендеуі, мұнда детонация қауіптілігінсіз цилиндрдегі қоспаның сығылу дәрежесін 2-3 бірлікке көтеруге мүмкіндік береді;
- отынның жануы кезінде азот оксидінің мөлшерінің төмендеуі, яғни пайдаланылған газдардың улылығы төмендейді;
- қозғалтқыштың цилиндр жылтырының майлауын жақсарту және, нәтижесінде үйкелісте механикалық жоғалу деңгейінің төмендеуі. Бүркуші бензиндік жүйелерді келесі белгілері бойынша бөледі:
- отынды жеткізу орны — орталық бір нүктелік бүрку, таратылған бүрку, қозғалтқыш цилиндріне тікелей бүрку;
- отын беру әдісі — үздіксіз немесе үзілмелі бүрку;
- отынды мөлшерлейтін торап түрлері, — плунжерлы сорғылар, айырғылар, бүріккіштер, қысымды реттегіш;
- жанармай қоспасының мөлшерін реттеу әдісі – пневматикалық, механикалық, электронды;

- жанармай қоспасының құрамын реттеудің негізгі параметрлері — кіргізу құбырында ыдырату, дроссельді жапқыштың бұрылу бұрышы, ауа шығыны және басқалары.

Осылайша, инжекторлы қозғалтқыштарда қоспаның түзілуі отын берудің қолданылатын әдісіне байланысты не кіргізу құбырының белгілі аймақтарында, не тікелей қозғалтқыш цилиндрінде болады

2.2


К-Jetronic бүрку жүйесі

Bosch (Германия) фирмасының К-Jetronic бүрку жүйесі отынның тұрақты бүркуінің механикалық жүйесін береді. Қысым астындағы отын енгізу жинағышының енгізу клапандарының алдына орнатылған бүріккішке келіп түседі. Бүріккіш қысыммен түскен отынды үздіксіз тозаңдатады. Отынның қысымы (шығын) қозғалтқыш жүктемесіне (енгізу жинағышындағы сейілту) және салқындатқыш сұйықтықтың температурасына байланысты болады.

Жеткізілетін ауа мөлшері үнемі шығын өлшегішпен өлшенеді, ал бүркелетін отынның мөлшері сырттан келетін ауа мөлшеріне (салқын қозғалтқышты қосу, толық жүктемеде жұмыс және басқалары секілді қозғалтқыштың жұмыс режимдерін қоспағанда) пропорционал (1:14,7) және отынның мөлшерлеуіш-айырғысымен реттеледі. Мөлшерлеуіш-айырғы немесе жанармай қоспасының мөлшері мен құрамын реттеуіш отынның мөлшерін реттеуіш пен ауа шығынын өлшегішінен тұрады. Отынның мөлшерін реттеу ауа шығынын өлшегіш пен басқарушы қысымның реттеуішімен басқарылатын айырғышпен қамтамасыз етіледі. Басқарушы қысымның реттегішінің әсері оған кіргізу құбырындағы келтірілетін сейілту шамасымен және қозғалтқыштың салқындату жүйесінің сұйықтық температурасымен анықталады.

Басты мөлшерлеу жүйесі мен бос жүріс жүйесі. Отындық электрсорғы **11** (2.1-сурет) бактан **8** отынды алады және оны шамамен 0,5 МПа қысыммен жинақтағыш **10** пен сүзгіш **9** арқылы отынның мөлшерлеуіш-айырғының **6 А** арнасына береді. Карбюраторлы қуат көзі кезінде қозғалтқышпен басқару отын беру басқышына әсер етумен, яғни дроссельді жапқыштарды бұрумен жүзеге асырылады. Карбюраторлы қуат көзі кезінде дроссельді жапқыш қозғалтқыштың цилиндрлеріне жанармай қоспасының берілетін мөлшерін реттейді, ал бүрку жүйесі кезінде дроссельді жапқыш 4 тек қана таза ауа беруін реттейді.

Сырттан келетін ауа мен бүркілетін отын мөлшерінің арасындағы талап етілетін қатынасты орнату үшін қысымды дискі бар 5 ауа шығын өлшегіші мен отынның мөлшерлегіш-айырғысы 6 қолданылады. Шығын өлшегіш шынымен де ауаның дәлме-дәл шығынын өлшемейді, жай оның қысымды дискі ауа шығынын өзгерісіне пропорционал орын ауыстырады. «Шығын өлшегіш» сөзінің өзі бұл құрылғыда Вентури түтікшесі деп аталатын және газ шығынын өлшеу үшін қолданылатын физикалық аспаптың әрекет қағидасы пайдаланылатындығымен түсіндіріледі.



2.1-сурет. K-Jetronic отынының бүрку жүйесінің сұлбасы:

1 — бүріккіш (инжектор); 2 — бос жүрістегі қоспа мөлшерінің реттеуіш бұрамасы; 3 — қосымша ауа арнасы; 4 — дроссельді жапқыш; 5 — ауа шығын өлшегішінің қысымды дискі; 6 — отынның мөлшерлегіш-айырғышы; 7 — қуат көзі қысымын реттегіші; 8 — отынды бак; 9 — отындық сүзгіш; 10 — отын жинағышы; 11 — отындық электрсорғы; 12 — басқарушы қысым реттегіші; 13 — электромагнитті іске қосу бүріккіші; 14 — жылу релесі; А — отынды мөлшерлегіш-айырғыға жеткізу арнасы; В — отынды бакқа құю арнасы; С — басқарушы қысым арнасы; D — жұлқымалы клапан арнасы; E — отынды жұмыс бүріккіштеріне жеткізу арнасы; F — отынды электромагнитті басқаруы бар іске қосу бүріккішіне жеткізу арнасы; ➡ — ауа қозғалысының бағыты; — отын қозғалысының бағыты; → — бөлшектер қозғалысының бағыты

Отын бүрку жүйесінің ауа шығынын өлшегіші жоғары дәлдікті (өте нақты) механизмді береді. Шығын өлшегіштің өте жеңіл қысымды дискі

(калындығы шамамен 1 мм, диаметрі 100 мм) иіңтірекке бекітіледі, оның басқа жағынан барлық жүйені теңгеретін теңгергіш орнатылған. Иіңтіректің айналу осі ең аз үйкелісті (тербеліс мойыңтіректері) тіреулерде жатқандықтан, диск ауа шығының өзгерісіне өте сергек әрекет етеді. Қысымды дисктың 5 иіңтірегінің айналу осьтеріне ауақшасы бар екінші иіңтірек бекітілген. Ауақша тікелей мөлшерлегіш-айырғыштың 6 плунжерінің төменгі шетіне тіреледі. Реттеуіш бұрамасы бар екінші иіңтіректің болуы иіңтіректердің салыстырмалы жағдайын ауыстыруға мүмкіндік береді, яғни қысымды диск пен тірек ауақшасы (айырғыш плунжері), және жанармай қоспасының құрамын білдіреді. Бұрама қалпы дайындаушы кәсіпорында реттеледі. Кейбір автомобильдерде, мысалы BMW фирмасы, қажеттілігі кезінде бұл бұрамамен пайдаланылған газдардағы (оның орауы кезінде қоспа жұтатылады) көміртек оксидінің құрамын ретке келтіруге болады.

Ауа шығын өлшегішінің механикалық жүйесі – мөлшерлегіш-айырғы қысымды диск пен айырғы плунжерінің тек қана сәйкес орын ауыстыруын қамтамасыз етеді. Вентури түтікшесі қысым дискісінің ауа шығынынан орын ауыстырудың желілік тәуелділігін қамтамасыз етеді, ал пішіні бойынша қарапайым айырғы плунжері отын шығыны мен плунжер орын ауыстыруы арасындағы желілік тәуелділікті бермейді. Желілік тәуелділікті алу үшін дифференциалды клапандардың арнайы жүйесін қолданады.

